Әділет

# Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 шілдеде № 13938 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 275 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2023 № 275 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 6), 13) және 26) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Кәсіптік оқыту жөніндегі әлеуметтік келісімшарт бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Денсаулық сақтау және әлеуметтік* *Т. Дүйсенова*
*даму министрі*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
___________ Е. Сағадиев
2016 жылғы 15 маусым

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
___________ Б. Сұлтанов
2016 жылғы 17 маусым

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
____________ Қ. Бишімбаев
2016 жылғы 20 маусым

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
1-қосымша

**Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң) 7-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыр жұмыстар – жұмыскердің ауыр (он килограмм және одан ауыр) заттарды қолмен тұрақты түрде орнынан қозғалтуға, жылжытуға және тасуға байланысты әрі дене күшін жұмсауды талап ететін (250 ккал/сағаттан астам энергия жұмсалатын) қызметінің түрлері;

2) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – " Еңбек нарығы" ААЖ) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

3) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

4) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

5) жұмыс орны – еңбек қызметі процесінде жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

6) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге септігін тигізуге бағытталған ұйымдық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

7) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке бас деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаты және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;

8) жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

9) қоғамдық жұмыстар – халықты жұмыспен қамту орталықтары ұйымдастыратын, жұмыскердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері;

10) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

11) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

12) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – жұмыспен қамту орталығы) – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

13) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын ақпараттық жүйе;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Авариялар, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар және басқа да төтенше жағдайлар зардаптарын жедел жою қажеттілігіне байланысты қызмет түрлері қоғамдық жұмыстарға жатпайды.

4. Осы Қағидалармен Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қоғамдық жұмыстарға тарту жөніндегі құқықтық қатынастар реттелмейді.

**2-тарау. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі**

5. Қоғамдық жұмыстарды жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша ұйымдастырады.

6. Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімді құрайды.

7. Қоғамдық жұмыстардың мынадай ерекшеліктері бар:

1) жұмыстарды толық емес жұмыс күні шарттарында немесе икемді кесте бойынша ұйымдастыру мүмкіндігі;

2) өңір үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан пайдалы;

3) арнайы білімі жоқ адамдарға уақытша жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріледі.

8. Қоғамдық жұмыстар барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды жүйелі жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатысуға жіберіледі.

9. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қоғамдық жұмыстар уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады.

11. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны шектелмеген.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жұмыс беруші ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасына дейінгі мерзімде Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинет" арқылы жұмыспен қамту орталығына кезекті қаржы жылына қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға электрондық өтінім береді.

13. Жұмыс беруші өтінімде мынадай мәліметтерді: Ұлттық кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіпті, жұмыс орындарының санын, жұмыстың ұзақтығын,

жұмыскерлердің нақты санын, бос орындардың болуы, қосымша жұмыс орнын құру мүмкіндігін көрсетеді.

14. Жұмыспен қамту орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 5 ( бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірыңғай тізбесін қалыптастырады және бекіту үшін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға жібереді.

15. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс орындарының санын, жұмыстың ұзақтығын, кәсіпті және еңбекақының мөлшерін көрсете отырып, кезекті қаржы жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушілердің тізбесі күнтізбелік жыл ішінде қажеттілігіне қарай жаңартылады.

16. Жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бекітілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның шешімін әрбір өтінім бойынша "Еңбек нарығы" ААЖ-ға енгізеді.

17. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жұмыс берушінің кезекті қаржы жылына қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға қатысуынан бас тартуы туралы шешім қабылдаған жағдайда жұмыс берушінің Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне" "Еңбек нарығы" ААЖ-дан себептері көрсетілген бас тарту туралы хабарлама түседі.

18. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның жұмыс берушінің өтінімдері бойынша оң шешімінің негізінде жұмыспен қамту орталығы "Еңбек нарығы" ААЖ-дан жұмыс берушінің Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға шартты ( бұдан әрі – Шарт) жібереді.

19. Жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығынан Шарт келіп түскеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оған Электрондық еңбек биржасында ЭЦҚ-ны пайдаланып қол қояды.

20. Жұмыс беруші Шарттың негізінде қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құрады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде қоғамдық жұмыстар бойынша бос жұмыс орындарын Электрондық еңбек биржасында жариялайды.

21. Қоғамдық жұмыстарға:

1) жұмыссыздар;

2) оқудан бос уақытта студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарда;

3) тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар қатысады.

22. Осы Қағидалардың 33-34-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адамдардың қоғамдық жұмыстарға қатысуы олардың жұмыспен қамту орталығына тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібінде олардың келісімімен жүзеге асырылады.

23. Қоғамдық жұмыстарға қатысу үшін үміткерлер мынадай құжаттарды:

1) жеке басты куәландыратын құжатты

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);

3) бар болса білімі туралы құжатты (аттестат, куәлік, диплом), сондай-ақ оқудан өткенін растайтын құжаттарды (куәлік, сертификат) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыспен қамту орталығына өтініш береді.

Қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келетін он алты жас пен он сегіз жас аралығындағы студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары өтінішпен қоса:

1) ата-аналарының бірінен немесе заңды өкілдерінен жазбаша келісімді;

2) оқу орнынан оқу процесінен тыс қоғамдық жұмыстарға қатысуына жазбаша келісімді ұсынады.

24. Жұмыспен қамту орталығы студенттің және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушысының қоғамдық жұмысқа қатысу өтінішін " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 22-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келуін қарайды.

25. Тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар жұмыспен қамту орталығына толық емес жұмыс уақытының немесе ұзақтығы қысқартылған жұмыс уақытының режиміне ауыстыру немесе әлеуметтік демалысты беру немесе мәжбүрлі тоқтап тұру, жалақысы сақталусыз демалысты беру туралы жұмыс берушінің актісін (ішінара жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлер үшін) ұсынады.

Жеке басты куәландырғаннан және "Еңбек биржасы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар үміткерге қайтарылады.

26. Жұмыспен қамту орталығы үміткерлерге олардың келісімімен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық жұмыстарға жолдама береді.

27. Үміткер жұмыспен қамту орталығынан жолдама алған күннен бастап 5 ( бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жүгінеді.

28. Жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығы берген жолдама бойынша жүгінген үміткерлерді жұмысқа қабылдайды.

29. Жұмыс беруші үміткерлерді жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы жұмыспен қамту орталығын "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағы 4) тармақшасында белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

30. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдардың еңбек қызметінің кезеңі оның еңбек өтіліне есептеледі.

32. Адамдардың қоғамдық жұмыстарға қатысқаны және оны аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтер жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетіледі.

33. Жұмыс беруші таратылған немесе жұмыс беруші қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда қоғамдық жұмыстар бойынша еңбек қызметін тоқтатқан адамдар қалған өтелмеген мерзімін басқа жұмыс берушілерде жалғастырады.

34. Қоғамдық жұмыстарға қатысуды өз еркімен, дәлелсіз себеппен тоқтатқан жұмыссыздар ретінде есептен шығарылады және жұмыссыздар ретінде қайта тіркелген күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң ғана қоғамдық жұмыстарға қайта жіберіледі.

35. Жұмыспен қамту орталығы қоғамдық жұмыстарға қатысуды аяқтағаннан кейін жұмыссыздарға тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

36. Жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" ай сайын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдар туралы мәліметтерді толтырады және есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығына электрондық форматта жібереді.

37. Жұмыспен қамту орталығы есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде жұмыс берушілердің мәліметтерінің негізінде "Еңбек нарығы" ААЖ-ға қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдардың статустары бойынша деректерді қояды.

## 3-тарау. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру тәртібі

38. Қоғамдық жұмыстар республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер қаражаты және жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша олардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Мемлекеттік қолдау шарасын республикалық бюджеттен қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдау шарасын жергілікті бюджеттен қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган арқылы жүзеге асырылады.

39. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Еңбек кодексімен реттеледі.

Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдардың жалақы мөлшерін экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескергенде 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіштен төмен емес мөлшерде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган белгілейді.

Орындалатын жұмыстың күрделілігіне қарай жұмыс беруші қажет болған жағдайда нақты орындалған жұмыс үшін өз қаражаты есебінен қосымша үстемеақы белгілейді.

40. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдарға жалақы төлеуді жұмыспен қамту орталығы ай сайын жұмыс берушілер ұсынатын мәліметтердің негізінде жүргізеді және қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдардың екінші деңгейдегі банктерде немесе банк қызметінің жеке түрлерін жүргізуге құқығы бар өзге қаржылық институттарда ашылған ағымдағы (карточкалық) шоттарына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырады.

41. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын адамдарға уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді Еңбек кодексіне сәйкес жұмыспен қамту орталығы жүргізеді.

42. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға № _______ шарт**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ____________________ __________ Жасалған орны | | ____________________ Күні |

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, " Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 516 бұйрық) және __ ______________________ ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органының 20 ___ жылғы ___ _________ № ___ шешімінің негізінде бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын бұдан әрі " Тапсырыс беруші" деп аталатын ___________________________ ауданы (қаласы) Халықты жұмыспен қамту орталығының атынан

_____________________________________________________________________
_

_____________________________________________________________________

(директордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын _______________________________
негізінде әрекет ететін __________________________________________________
___________________________________________________________ атынан
(жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефоны)

_____________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға осы шартты ( бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегі туралы келісімге келді:

**1. Шарттың мәні**

1.1. Жұмыссыздар, оқудан бос уақытта студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары және тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру.

1.2. Шарттың жалпы сомасы _________________ теңгені құрайды.
(жазбаша)

1.3. Қатысушылардың жалпы саны _____________ адамды құрайды.
(жазбаша)

**2. Тараптардың міндеттемелері**

2.1. Тапсырыс беруші:

1) Орындаушыдан Шарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

2) Шарт талаптарының орындалуына барып тексеру жасауға құқылы. Шарт талаптарының орындалуын тексеру нәтижелері барып тексеру актілерімен рәсімделеді.

2.2. Орындаушы:

1) өз қаражаты есебінен адамдарға қосымша үстемеақы төлеуге;

2) адамның талабы бойынша жұмыс нәтижесі жөнінде пікір (ұсыным хат) ұсынуға құқылы.

2.3. Тапсырыс беруші:

1) адамдарды олардың келісіммен Орындаушыға ________________ адамды қоғамдық
(жазбаша)
жұмысқа жіберуге;

2) Орындаушы ұсынған ай сайынғы мәліметтердің негізінде Еңбек кодексіне сәйкес адамдарға уақтылы және толық көлемде жалақы төлеуге;

3) қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуына және адамдарда міндетті зейнетақы аударымдарының болуына ай сайын мониторинг жүргізуге;

4) адамның қоғамдық жұмыстарға қатысуы және қоғамдық жұмыстарға қатысуды аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасуы туралы мәліметті жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетуге міндетті.

2.4. Орындаушы:

1) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құруға;

2) жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жүгінген адамдарды қоғамдық жұмыстарға қабылдауға;

3) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығын жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы хабардар етуге;

4) Еңбек кодексіне сәйкес әрбір адаммен еңбек шартын жасасуға;

5) әрбір адамға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізуге;

6) қажет болған жағдайда адамдарды арнайы киіммен, құрал-саймандармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге;

7) адамдарды Еңбек кодексіне сәйкес тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;

8) адамдардың еңбек міндеттерін атқару кезінде денсаулығына зиян келтірілген жағдайда Еңбек кодексіне сәйкес зиянды өтеуге;

9) жасалған еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін адамның еңбек кітапшасына (ол бар болса) қоғамдық жұмыстарға қатысу кезеңін енгізуге;

10) № 516 бұйрықпен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге ұсынуға;

11) Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды толық көлемде ұсынуға;

12) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда адамдарға жалақы төлеуге жұмсаған мемлекеттің шығыстарын бюджетке өтеуге;

13) Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне адаммен жасалған және тоқтатылған еңбек шарты туралы ақпаратты енгізуге міндетті.

Ескерту. 2.4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3. Еңбекақы төлеу**

3.1. Қоғамдық жұмыстарға қатысушы адамдарға еңбекақы төлеу Орындаушының мәліметтері негізінде Тапсырыс беруші жүргізеді.

**4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін не толығымен, не ішінара басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

4.2. Орындаушы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Шарт бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұзылуға жатады.

Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте бір Тарап екінші тарапты бұл туралы кемінде бір ай мерзімде хабардар етуге тиіс .

4.3. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған заң бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатпайды.

**5. Форс-мажор**

5.1. Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды , егер ол Форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

5.2. Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына көнбейтін және күтпеген сипатқа ие оқиғалар. Мұндай оқиғалар өртті, жер сілкінуін, су тасқынын, апатты жағдайларды және әскери әрекеттерді қамтуы мүмкін.

5.3. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Орындаушы 2(екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Орындаушы орындылығына қарай Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелді емес Шартты орындаудың балама көздерін іздейді.

5.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда тараптардың ешқайсысының басқа тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

**6. Дауларды шешу тәртібі**

6.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы тікелей келіссөздер процесінде араларында Шарт немесе соған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық күштерін салуға тиіс.

6.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса онда тараптың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы мәселенің шешілуін талап ете алады.

**7. Өзге де жағдайлар**

7.1. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде жазылды және Электрондық еңбек биржасы арқылы жасалды.

7.2. Бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама почта байланысы немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберіледі. Осы күндердің қайсысы кейін туатынына қарай хабарлама ол жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

7.3. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар Шарт жасасу нысанында қосымша келісіммен рәсімделеді.

Орындаушыны таңдауға негіз болып табылатын талаптардың өзгермеуі шартымен жасалған Шартқа өзгерістер енгізу:

1) Шарт бойынша жұмыс орындары санының ұлғаюы;

2) Шарт бойынша қатысушылар санының ұлғаюы бөлігінде міндетті.

7.4. Егер қаржы жылы ішінде бюджеттен қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көлемі азайса, онда Тапсырыс беруші Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда бір

Тарап екінші Тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқылы емес. Тапсырыс беруші кемінде 2 (екі) ай бұрын Орындаушыға бюджеттен қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көлемінің азайғаны туралы хабарлама жібереді және бұл жағдайда Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілмейді.

**8. Шарттың қолданылу мерзімі**

8.1. Осы Шарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы __ ________ бастап 20__ жылғы __ ___________ дейін.

8.2. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**9. Тараптардың заңды мекенжайлары:**

| Тапсырыс беруші | Жұмыс беруші |
|---|---|
| _____________ ауданының (қаласының)<br>Халықты жұмыспен қамту орталығы<br>заңды мекенжайы: _________________<br>ЖСК ______________________________<br>БСК ______________________________<br>БСН (ЖСН) _________________________<br>Коды _____________________________<br>__________________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса))<br>__________________________________<br>(қолы) | заңды мекенжайы: ____________________<br>ЖСК _______________________________<br>БСК _______________________________<br>БСН (ЖСН) __________________________<br>Коды ______________________________<br>__________________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса))<br>__________________________________<br>(қолы) |

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Қоғамдық жұмыстарды<br>ұйымдастыру және<br>қаржыландыру қағидаларына<br>2-қосымша<br>Нысан

____________________<br>ауданының (қаласының)<br>халықты жұмыспен<br>қамту орталығының<br>директорына<br>____________________________<br>мекенжайы бойынша тұратын<br>____________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Өтініш**

Мені қоғамдық жұмыстарға жіберуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

______________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________
_.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

*ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне өтініш беруші жауапты болады.

____________________ _______________ Күні қолы

-----------------------------------------------------------------------------------------
--
(кесу сызығы)

Азамат _____________________________________________________ өтініші
20 __ жылғы "___" ____________ қабылданды, № ____________ болып тіркелді, құжаттарды
қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы:
______________________________________________________________________
________________________________________________________________.

____________________ _______________

Күні қолы

Қоғамдық жұмыстарды
ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Қоғамдық жұмысқа № ____ жолдама**

Жұмыссыз, оқудан бос уақытына студент және жалпы білім беретін мектептердің жоғары
сынып оқушысы денсаулығына зиян келтірмейтін және оқыту процесін бұзбайтын
жұмыстарға, тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адам (қажеттінің
астын сызыңыз) ___________________

______________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20 __ жылғы "__" ________ бастап 20 __ жылғы "__" _________ дейін ____ ай мерзімге

_____________________________________________________________

(жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

______________________________________________________________________

(кәсіп/мамандық атауы)

мамандығы (кәсібі) бойынша қоғамдық жұмысқа орналасу үшін жіберілді.

____________________________________________ _________________

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні Мөрдің орны

-----------------------------------------------------------------------------------------------

(кесу сызығы)

Жұмысқа орналасу үшін жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші

Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарады

**№_____ жолдамаға хабарлама**

______________________________________________________________

____________________________________________________________________

(жұмыс берушінің атауы)

20__ жылғы "__" _________ жасалған № _____ еңбек шартына (20__ жылғы "__" _______

№ _____ бұйрық) сәйкес азамат __________________________

____________________________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

____________________________________________________________________

(лауазым атауы)

ретінде 20__ жылғы "__" ________ бастап 20__ жылғы "__" ________ дейін ____ ____ ай

мерзімге қоғамдық жұмыстарға жұмысқа орналасу мерзімімен қоғамдық жұмысқа

қабылданды.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі. Жұмыс берушінің жауапты

өкілі:

______________________________________ ________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)
Берілген күні Мөрдің орны

Қоғамдық жұмыстарды
ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

20___ жылғы _________ үшін _______________________________ -дегі
(ай) (жұмыс берушінің атауы)

## Қоғамдық жұмыстарға қатысушы адамдар туралы мәліметтер

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Айдағы жұмыс күндерінің саны | Нақты жұмыс істеген күндері | Уақытша жұмысқа жарамсыздық күндері | Қызмет көрсететін банк | карточкалық немесе ағымдағы шотының 20 мәнді нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Жұмыс берушінің ЭЦҚ-сы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
2-қосымша

## Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң) 7-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыр жұмыстар – жұмыскердің ауыр (он килограмм және одан ауыр) заттарды қолмен тұрақты түрде орнынан қозғалтуға, жылжытуға және тасуға байланысты әрі дене күшін жұмсауды талап ететін (250 ккал/сағаттан астам энергия жұмсалатын) қызметінің түрлері;

2) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – " Еңбек нарығы" ААЖ) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

3) әлеуметтік жұмыс орны – халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін олардың жалақысын субсидиялау арқылы жұмыс беруші құратын жұмыс орны;

4) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

5) жалақыны субсидиялау – халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамалары бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбегіне жұмыс берушінің ақы төлеуге жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеу;

6) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

7) жұмыс орны – еңбек қызметі процесінде жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

8) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге септігін тигізуге бағытталған ұйымдық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

9) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке бас деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаты және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;

10) жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

11) зиянды еңбек жағдайлары – зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары;

12) оқу орны –техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және ( немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

13) өңірлік комиссия – жергілікті өкілді органдар, жұмыс берушілер, кәсіптік одақтар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен облыстың (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы жанындағы ведомствоаралық комиссия;

14) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

15) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

16) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – жұмыспен қамту орталығы) – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

17) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын ақпараттық жүйе;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

19) NEET санатындағы жастар – әлеуметтік және экономикалық сипаттағы белгілі бір жағдайларға байланысты оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігін арттырмайтын жастар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібі

3. Әлеуметтік жұмыс орындары барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда, сондай-ақ үйде ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды ұдайы жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатысуға жіберіледі.

Әлеуметтік жұмыс орнын жұмыс беруші жұмыссыздардың жалақысын субсидиялаумен оларды жұмысқа орналастыру үшін құрады

50 жастан асқан жұмыссыздардың жалақысын субсидиялаумен оларды жұмысқа орналастыру үшін:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету қағидаларына сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 379 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17467 болып тіркелген) бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларына сәйкес әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесшінің, әлеуметтік қызметкердің жұмыс орындарын ұйымдастыру көзделеді.

Табысы аз және (немесе) көпбалалы отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеуші адамдар үшін сондай-ақ, әлеуметтік жұмыс орындарын құру көзделеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әлеуметтік жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда және Ұлттық кәсіптер жіктеуішіне сәйкес біліктілігі төмен жұмыскерлердің 9-тобына жататын кәсіптер/қызметтер бойынша құрылмайды.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасына сәйкес, жастар және 50 жастан асқан адамдар үшін әлеуметтік жұмыс орындары "Алғашқы жұмыс орны", "Ұрпақтар келісімшарты" және "Күміс жас" жобасы шеңберінде де құрылады.

Қатысу мерзімі:

- "Алғашқы жұмыс орны" жобасы бойынша 18 айдан;
- "Күміс жас" жобасы бойынша 36 айдан;
- "Ұрпақтар келісімшарты" жобасы бойынша 6 айдан аспайды.

Мыналар:

- жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, оның ішінде NEET санатындағы жастар " Алғашқы жұмыс орны" жобасына;

- 2 (екі) жыл ішінде оқуын аяқтаған білім беру ұйымдарының түлектері " Ұрпақтар келісімшарты" жобасына;

- 50 жастан асқан жұмыссыз адамдар "Күміс жас" жобасына қатысушылар болып табылады, олардың арасында "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 20-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар басым құқық пайдаланады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Оқу орындарының түлектері үшін "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары бойынша жұмыс орындары олар алған кәсіп (мамандық ) бойынша немесе Ұлттық кәсіптер жіктеуішінде қызметтің осы тобына жататын ұқсас кәсіп (мамандық) бойынша құрылады.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны шектелмеген.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыс уақытша сипатта болады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздар үшін арнайы құрылады, олардың арасында "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 20-бабы 2-тармағының 1)-9) тармақшаларында көрсетілген адамдар:

1) балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;

2) зейнеталды жастағы (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) адамдар;

3) мүгедек адамдар.

4) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдар;

5) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;

6) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызілікті, көпбалалы ата-аналар;

7) жеті жасқа дейінгі балаларды, мүгедектігі бар баланы, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарды бағып-күтуді жүзеге асыратын адамдар.

8) қандастар;

9) терроризм актісінің нәтижесінде зардап шеккен адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар басымдыққа ие.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.09.2022 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жұмыс беруші ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасына дейінгі мерзімде Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинет" арқылы жұмыспен қамту орталығына кезекті қаржы жылына әлеуметтік жұмыс орындарын құруға өтінім береді.

11. Жұмыс беруші өтінімде мынадай мәліметтерді: Ұлттық қызметтер жіктеуішіне сәйкес кәсіпті, жұмыс орындарының санын, жұмыстың ұзақтығын, білім деңгейін, кәсіби дағдыларды, жұмыскерлердің нақты санын, бос жұмыс орындарының болуын, қосымша жұмыс орнын құру мүмкіндігін және субсидия сомасын аудару үшін есеп айырысу шотының нөмірін көрсетеді.

12. Жұмыспен қамту орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірыңғай тізбесін қалыптастырады және бекіту үшін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға жібереді.

13. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс орындарының санын, жұмыстың ұзақтығын, кәсіпті және еңбекақының мөлшерін көрсете отырып, кезекті қаржы жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушілердің тізбесі күнтізбелік жыл ішінде қажеттілігіне қарай жаңартылады.

14. Жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бектілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту мәсілелері жөніндегі жергілікті органның шешімін әрбір өтінім бойынша "Еңбек нарығы" ААЖ-ға енгізеді.

15. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жұмыс берушінің кезекті қаржы жылына әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысуынан бас тартуы туралы шешім қабылдаған кезде жұмыс берушінің Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне" "Еңбек нарығы" ААЖ-дан себептері көрсетілген бас тарту туралы хабарлама түседі.

16. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның жұмыс берушінің өтінімдері бойынша оң шешімінің негізінде жұмыспен қамту орталығы "Еңбек нарығы" ААЖ-дан жұмыс берушінің Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға шартты (бұдан әрі – Шарт) жібереді.

17. Жұмыс беруші Шарт жұмыспен қамту орталығынан түскеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оған Электрондық еңбек биржасында ЭЦҚ-ны пайдаланып қол қояды.

18. Жұмыс беруші Шарттың негізінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құрады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде әлеуметтік жұмыс орындары бойынша бос орындарды Электрондық еңбек биржасында жариялайды.

19. "Алғашқы жұмыс орны" және "Күміс жас" жобаларын қоспағанда, азаматтардың әлеуметтік жұмыс орындарына қатысу ұзақтығы 12 айдан аспайтын мерзімді құрайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Осы Қағидалардың 26-27-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру жұмыссыз ретінде тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен күнтізбелік жыл ішінде бір рет жүзеге асырылады.

21. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасу үшін үміткер:

1) жеке басты куәландыратын құжатты;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);

3) білімі туралы құжатты (бар болса) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыспен қамту орталығына өтініш береді.

"Ұрпақтар келісімшарты" жобасына қатысқысы келетін үміткер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі барын растайтын құжатты қоса береді.

Жеке басты куәландырғаннан және "Еңбек биржасы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар үміткерге қайтарылады.

22. Жұмыспен қамту орталығы үміткерге олардың келісімімен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік жұмыс орнына жолдама береді. Үміткерлерді әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу кезінде жолдама беру сәтінде жіберілетін жұмыссыздар үшін лайықты жұмыстардың болмауы ескеріледі.

23. Үміткер жұмыспен қамту орталығынан жолдама алған күнен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жүгінеді.

Жұмыс берушілер жұмыспен қамту орталығы берген жолдама бойынша жүгінген үміткерлерді әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырады.

Жұмыс берушілер Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығын жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы хабардар етеді.

24. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жұмыс беруші "Алғашқы жұмыс орны" жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамға кәсіби білімдері мен жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі жұмыскерлердің арасынан тәлімгер тағайындайды.

"Ұрпақтар келісімшарты" жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамға " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуге кемінде 6 (алты) ай қалған тәлімгер тағайындалады.

26. Әлеуметтік жұмыс орындарындағы еңбек қызметін өз еркімен, дәлелсіз себеппен тоқтатқан жұмыссыздар жұмыссыздар ретінде есептен шығарылады және жұмыссыздар ретінде қайта тіркелген күннен бастап үш ай өткен соң ғана жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қайта қатысады.

27. Жұмыс беруші таратылған немесе жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және қаржыландырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда әлеуметтік жұмыс орындарындағы еңбек қызметін тоқтатқан адамдар қалған өтелмеген мерзімін басқа жұмыс берушілерде жалғастырады.

28. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқан адамның еңбек қызметінің кезеңі оның еңбек өтіліне есептеледі.

29. Жұмыспен қамту орталығы әлеуметтік жұмыс орнындағы жұмысы аяқталғаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) жұмыспен қамтудың жеке картасына адамның әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқаны және тұрақты жұмысқа орналасуы туралы мәліметті енгізеді.

**3-тарау. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру тәртібі**

30. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға еңбекақы төлеуге жұмыс берушінің шығындарының бір бөлігін өтеуге субсидиялар беру арқылы республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен жұмыспен қамту орталығы жүзеге асырады.

Мемлекеттік қолдау шарасын республикалық бюджеттен қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдау шарасын жергілікті бюджеттен қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган арқылы жүзеге асырылады.

31. Үкіметтік емес ұйымдар құрған жұмыс орындарына орналасқан мүгедектігі бар адамдарды және "Ұрпақтар келісімшарты", "Алғашқы жұмыс орны" және "Күміс жас" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың жалақысына субсидияның ай сайынғы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескергенде жалақының белгіленген мөлшерінен 35%-ды құрайды, бірақ 20 ( жиырма) айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайды.

"Күміс жас" жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдар үшін субсидияның ай сайынғы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескергенде:

1) қатысудың бірінші 12 (он екі) айында жалақы мөлшерінің 70 %-ын құрайды, бірақ 30 (отыз) АЕК-тен аспайды;

2) қатысудың 13 (он үшінші) айынан бастап 24 (жиырма төртінші) айына дейін жалақы мөлшерінің 65 %-ын құрайды, бірақ 30 (отыз) АЕК-тен аспайды;

3) қатысудың 25 (жиырма бесінші) айынан бастап 36 (отыз алтыншы) айына дейін жалақы мөлшерінің 60 %-ын құрайды, бірақ 30 (отыз) АЕК-тен аспайды.

Мүгедектігі бар адамдар үшін үкіметтік емес ұйымдар құратын әлеуметтік жұмыс орындарының жалақысын субсидиялау мөлшерін жыл сайын өңірлік комиссиялар белгілейді.

"Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдар үшін субсидияның (жалақының) бір айдағы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есептемегенде кемінде 30 (отыз) АЕК-ті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыларды және банк қызметтерін ескергенде) құрайды.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен "Алғашқы жұмыс орны" және " Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдардың еңбекақысын қоса қаржыландыруды және субсидиялауды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Орындалатын жұмыстың көлеміне және күрделілігіне қарай жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, қажет болған жағдайда, накты орындалған жұмыс үшін қосымша үстемеақылар белгілейді.

33. "Алғашқы жұмыс орны" және Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдарға жалақы төлеуді ай сайын накты орындалған жұмыс уақыты үшін еңбек шартында белгіленген мөлшерге қарай жүргізеді.

34. Жұмыспен қамту орталығы есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне қарай жұмыс берушілер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынған мәліметтердің негізінде және есепті айда жұмыссыздардың міндетті зейнетақы жарналарының болуын тексергеннен кейін жұмыс берушінің есеп айырысу шотына жалақыға субсидиның сомасын аударады.

35. "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарға жалақы төлеуді жұмыс берушілер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынған мәліметтердің негізінде ай сайын жұмыспен қамту орталығы екінші деңгейдегі банктерде ашылған ағымдағы шоттарға (карточкалық) ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

36. "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарға уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді Еңбек кодексіне сәйкес жұмыспен қамту орталығы жүргізеді.

Әлеуметтік жұмыс орындарын<br>ұйымдастыру және<br>қаржыландыру қағидаларына<br>1-қосымша<br>Нысан

**Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыланыруға № _______ шарт**

____________________________________ _______________________

Жасалған орны Күні

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, " Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 516 бұйрық) және __ ______________________ ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органының 20 ___ жылғы ___ _________ №

___ шешімінің негізінде бұдан әрі бірлесе "Тараптар" деп аталатын бұдан әрі " Тапсырыс беруші" деп аталатын ___________________________ ауданы (қаласы) Халықты жұмыспен
қамту орталығының атынан _______________________________________________
__________

___________________________________________________________________

(директордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын ___________________________ негізінде әрекет
ететін _______________________________________________
____________________________________________________________ атынан
(жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефоны)

___________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыланыруға осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

**1. Шарттың мәні**

1.1. Жұмыссыздарды уақытша жұмысқа орналастыру мақсатында олар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру.

1.2. Шарттың жалпы сомасы ______________теңгені құрайды, оның ішінде (жазбаша)

республикалық бюджет есебінен ________ теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен ________ теңге.

1.3. Жұмыссыздардың жалпы саны _____________ адамды құрайды. (жазбаша)

**2. Тараптардың міндеттемелері**

2.1. Тапсырыс беруші:

1) Орындаушыдан Шарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге;

2) Шарт талаптарының орындалуына барып тексеру жасауға құқылы. Шарт талаптарының орындалуын тексеру нәтижелері барып тексеру актілерімен рәсімделеді.

2.2. Орындаушы:

1) өз қаражаты есебінен адамдарға қосымша үстемеақы төлеуге;

2) адамның талабы бойынша әлеуметтік жұмыс орнындағы жұмыстың нәтижесі жөнінде пікір (ұсыным хат) ұсынуға құқылы.

2.3. Тапсырыс беруші:

1) адамдарды олардың келісімімен Орындаушыға ____________________
(жазбаша)
адамды әлеуметтік жұмыс орындарына, оның ішінде:
- "Алғашқы жұмыс орны" жобасы бойынша _____________ адамды;
(жазбаша)
- "Күміс жас" жобасы бойынша ______________ адамды;
(жазбаша)
- "Ұрпақтар келісімшарты" жобасы бойынша ________________ адамды
(жазбаша)
жұмысқа орналасу үшін жіберуге;

2) "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдардың жалақысына субсидияның сомасын Орындаушының есеп айырысу шотына аударуға;

3) Орындаушы ұсынған ай сайынғы мәліметтердің негізінде Еңбек кодексіне сәйкес "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарға субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін уақтылы және толық көлемде жалақы төлеуге;

4) әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуына мониторинг жүргізуге;

5) Орындаушының әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен әлеуметтік адуарымдарды уақтылы төлеуіне ай сайын мониторинг жүргізуге;

6) жұмыспен қамтудың жеке картасында әлеуметтік жұмыс орынындағы жұмысы аяқталғаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) адамның әлеуметтік жұмыс орнына және тұрақты жұмысқа орналасуы туралы мәліметті көрсетуге міндетті.

2.4. Орындаушы:

1) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құруға:

2) жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жүгінген адамдарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға;

3) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығын жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы хабардар етуге;

4) Еңбек кодексіне сәйкес әрбір адаммен еңбек шартын жасауға;

5) "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, әлеуметтік жұмыс

орындарына жұмысқа орналасқан адамдарға уақтылы және толық көлемде еңбекақы төлеуге;

6) "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдар үшін жеке табыс салығын және әлеуметтік төлемдерді төлеуді жүргізуге;

7) әрбір адамға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізуге;

8) қажет болған жағдайда адамдарды арнайы киіммен, құрал-саймандармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге;

9) адамдарды Еңбек кодексіне сәйкес тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;

10) еңбек міндеттерін атқару кезінде адамның денсаулығына зиян келтірілген жағдайда Еңбек кодексіне сәйкес зиянды өтеуге;

11) жасалған еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін еңбек кітапшасына (ол бар болса) әлеуметтік жұмыс орнындағы жұмыс кезеңін енгізуге;

12) Тапсырыс берушіге № 516 бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 4 және (немесе) 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға;

13) Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндетемелердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды толық көлемде ұсынуға;

14) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және қаржыландырудың белгіленген тәртібін бұзған және/немесе "Алғашқы жұмыс орны", "Ұрпақтар келісімшарты" және "Күміс жас" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды тұрақты жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайларда, адамдардың жалақысының субсидияланған бөлігін төлеуге жұмсаған мемлекеттің шығыстарын бюджетке өтеуге;

15) "Алғашқы жұмыс орны" жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарға кәсіби білімдері мен жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі жұмыскерлердің арасынан тәлімгер тағайындауға;

16) "Ұрпақтар келісімшарты" жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарға "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге кемінде 6 (алты) ай қалған тәлімгер тағайындауға;

17) "Алғашқы жұмыс орны" жобасына қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды кемінде 12 (он екі) ай мерзімге тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыруға;

18) "Ұрпақтар келісімшарты" жобасына қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды Еңбек кодексінің 38-бабына сәйкес тәлімгердің бос жұмыс орнына немесе басқа бос орынға ауыстыруға;

19) "Күміс жас" жобасына қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған адамды кемінде 1 жыл мерзімге, ал зейнеталды жастағы адамды зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыруға;

20) Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне адаммен жасалған және тоқтатылған еңбек шарты туралы ақпаратты енгізуге міндетті.

Ескерту. 2.4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3. Еңбекақы төлеу**

3.1. "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдарға еңбекақы төлеуді Орындаушы Еңбек кодексіне сәйкес жүргізеді.

3.2. "Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарға субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін еңбекақы төлеуді Орындаушының мәліметтерінің негізінде Тапсырыс беруші жүргізеді.

**4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін не толығымен, не ішінара басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

4.2. Орындаушы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және қаржыландырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Шарт бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұзылуға жатады.

Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте бір Тарап екінші тарапты бұл туралы кемінде бір ай мерзімде хабардар етуге тиіс .

4.3. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған заң бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатпайды.

**5. Форс-мажор**

5.1. Тараптар Шарт талаптарын, егер ол Форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса, орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды.

5.2. Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына көнбейтін және күтпеген сипатқа ие оқиғалар. Мұндай оқиғалар өртті, жер сілкінуін, су тасқынын, апатты жағдайларды және әскери әрекеттерді қамтуы мүмкін.

5.3.Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Орындаушы орындылығына қарай Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелді емес Шартты орындаудың балама көздерін іздейді.

5.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда тараптардың ешқайсысының басқа тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

**6. Дауларды шешу тәртібі**

6.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы тікелей келіссөздер процесінде араларында Шарт немесе соған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық күштерін салуға тиіс.

6.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса онда тараптың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы мәселенің шешілуін талап ете алады.

**7. Өзге де жағдайлар**

7.1. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырылды және Электрондық еңбек биржасы арқылы жасалды.

7.2. Бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама почта байланысы немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберіледі. Осы күндердің қайсысы кейін туатынына қарай хабарлама ол жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

7.3. Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар жасалған Шарттың нысанында қосымша келісіммен рәсімделеді.

Орындаушы таңдауының негізі болып табылатын шарттардың өзгермеуі талаптарында жасалған Шартқа өзгерістер енгізу:

1) Шарт бойынша жұмыс орындары санының ұлғаюы;

2) Шарт бойынша жұмыссыздар санының ұлғаюы бөлігінде міндетті.

Егер жұмыс беруші жұмыс орнына біліктілік талаптарына сәйкес келмеу себебі бойынша жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жұмысқа орналасу үшін жүгінген адамдардың арасынан кандитатты таба алмаса, онда Тапсырыс беруші халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның шешімінің негізінде Шартқа өзгерістер енгізбей-ақ жұмыс берушінің өтінімі бойынша жұмыс орнының кәсібін (мамандығын) өзгертуі мүмкін.

7.4. Егер қаржы жылы ішінде бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көлемі азайса, онда Тапсырыс беруші Шарт бойынша міндетемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда бір Тарап екінші Тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқылы емес. Тапсырыс беруші кемінде 2 (екі) ай бұрын Орындаушыға бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көлемінің азайғаны туралы хабарлама жібереді және бұл жағдайда Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілмейді.

**8. Шарттың қолданылу мерзімі**

8.1. Осы шарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы __ ________ бастап 20__ жылғы __ ____________ дейін.

8.2. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**9. Тараптардың заңды мекенжайлары:**

| Тапсырыс беруші | Жұмыс беруші |
| --- | --- |
| ______________ ауданының (қаласының)<br>Халықты жұмыспен қамту орталығы<br>заңды мекенжайы: _________________<br>ЖСК ______________________________<br>БСК ______________________________<br>БСН (ЖСН) _______________________<br>Коды _____________________________<br>__________________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса))<br>__________________________________<br>(қолы) | <br>заңды мекенжайы: ___________________<br>ЖСК _______________________________<br>БСК _______________________________<br>БСН (ЖСН) __________________________<br>Коды ______________________________<br>___________________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса))<br>___________________________________<br>(қолы) |

Осы құжат "Электрондық құжат және электорндық цифрлық қолтаңба туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Әлеуметтік жұмыс орындарын

ұйымдастыру және қаржыландыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

___________________
ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен
қамту орталығының
директорына

______________________________
мекенжайы бойынша тұратын

______________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Өтініш**

Мені: әлеуметтік жұмыс орнына, "Алғашқы жұмыс орны" жобасына қатысуға
,
"Ұрпақтар келісімшарты" жобасына қатысуға, "Күміс жас" жобасына қатысуға ( қажеттісінің
астын сызыңыз) жіберуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

_______________________________________________________________
_

_______________________________________________________________
_

_______________________________________________________________
_

_______________________________________________________________
_.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес
деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

*ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне өтініш беруші жауапты болады.

____________________ _______________
Күні қолы

-------------------------------------------------------------------------------------------
---
(кесу сызығы)

Азамат ______________________________________________ өтініші 20 _
_ жылғы
"___" __________ қабылданды, № ____________ болып тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________.

____________________ _______________

Күні қолы

Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Әлеуметтік жұмыс орнына № ____ жолдама**

Жұмыссыз _____________________________________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
20 __ жылғы "___" ________ бастап 20 __ жылғы "___" ________ дейін ____ ай мерзімге

_________________________________________________________________

(Жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

_________________________________________________________________

(Кәсіп/мамандық атауы)
мамандығы (кәсібі) бойынша: әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу,
"Алғашқы жұмыс орны" жобасына қатысу, "Ұрпақтар келісімшарты" жобасына қатысу,
"Күміс жас" жобасына қатысу (қажеттісінің астын сызыңыз) үшін жіберілді.

______________________________________________ _________________

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Берілген күні Мөрдің орны

-------------------------------------------------------------------------------------------
---
(кесу сызығы)

Жұмысқа орналасу үшін жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші
Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарады

**№_____ жолдамаға хабарлама**

_________________________________________________________________

___________________________________________________________________
__
(Жұмыс берушінің атауы)

20 __ жылғы "__" __________ жасалған № _____ еңбек шартына (20 __ жылғы
"__" _______ № _____ бұйрық) сәйкес азамат (азаматша) __________________
_____________________________________________________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
_____________________________________________________________________
(Лауазым атауы)

ретінде 20__ жылғы "__" _________ бастап 20__ жылғы "__" _________ дейін _____ ай
мерзімге әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу мерзімімен әлеуметтік жұмыс
орнына, әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу, "Алғашқы жұмыс орны"/ " Ұрпақтар
келісімшарты"/ "Күміс жас" жобасы шеңберінде (қажеттісінің астын сызыңыз) жұмысқа
орналасты.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі. Жұмыс берушінің жауапты өкілі:

_______________________________________ ________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Берілген күні Мөрдің орны

Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

20__ жылғы ________ үшін ______________________________-дегі
(ай) (жұмыс берушінің атауы)

**"Ұрпақтар келісімшарты", "Алғашқы жұмыс орны" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдарды қоспағанда, әлеуметтік жұмыс орындарына және (немесе) " Күміс жас" жобасы шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдар туралы мәліметтер**

Жұмыс берушінің БСН-і/ЖСН-і: __________________.

Субсидия сомасын аудару үшін жұмыс берушінің есеп айырысу шотының нөмірі: __________________.

Қызмет көрсететін банктің атауы: __________________.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Еңбек шарты бойынша жалақының мөлшері | Айдағы жұмыс күндерінің саны | Нақты жұмыс істеген күндер |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Уақытша жұмысқа жарамсыздық күндері | Аударылған жалақының сомасы, теңге | Зейнетақы жарналарының сомасы | Бюджеттен өтемақы төленуге тиісті сома, теңге |
|---|---|---|---|
| | | | |

Жұмыс берушінің ЭЦҚ-сы

Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

20__ жылғы ________ үшін ______________________________-дегі
(ай) (жұмыс берушінің атауы)

**"Алғашқы жұмыс орны" және "Ұрпақтар келісімшарты" жобалары шеңберінде жұмысқа орналасқан адамдар туралы мәліметтер**

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Еңбек шарты бойынша жалақының мөлшері | Айдағы жұмыс күндерінің саны | Нақты жұмыс істеген күндер | Уақытша жұмысқа жарамсыздық күндері | Қызмет көрсететін банк | карточкалық немесе ағымдағы шотының 20 мәнді нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

Жұмыс берушінің ЭЦҚ-сы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
3-қосымша

## Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң) 7-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – " Еңбек нарығы" ААЖ) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

2) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

3)жастар практикасы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жүзеге асыратын еңбек қызметінің түрі ;

4) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

5) жұмыс орны – еңбек қызметі процесінде жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

6) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге септігін тигізуге бағытталған ұйымдық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

7) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке бас деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаты және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;

8) жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

9) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

10) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – жұмыспен қамту орталығы) – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

12) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын ақпараттық жүйе;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Жастар практикасын ұйымдастыру тәртібі

3. Жастар практикасы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды ұдайы төлейтін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатысуға жіберіледі.

4. Жастар практикасы уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады.

5. Жастар практикасын ұйымдастыру үшін құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны шектелмеген.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жастар практикасы бойынша жұмыс уақытша сипатқа ие болады. Жастар практикасының ұзақтығы 12 (он екі) айдан аспайды.

7. Жастар практикасы меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері қатарындағы, алдыңғы 3 (үш) жыл ішінде оқуын аяқтаған және 35 (отыз бес) жастан аспаған жұмыссыздарға арналған.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.03.2023 № 97 (26.02.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс беруші ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейінгі мерзімде Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинет" арқылы жұмыспен қамту орталығына кезекті қаржы жылына жастар практикасын ұйымдастыруға электрондық өтінім береді.

9. Жұмыс беруші өтінімде мынадай мәліметтерді: Ұлттық кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіпті, жұмыс орындарының санын, жұмыстың ұзақтығын, білім деңгейін, кәсіби дағдыларды, жұмыскерлердің нақты санын, бос жұмыс орындарының болуын, қосымша жұмыс орнын құру мүмкіндігін көрсетеді.

10. Жұмыспен қамту орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 5 ( бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірыңғай тізбесін қалыптастырады және бекіту үшін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органға жібереді.

11. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс орындарының санын, жұмыстың ұзақтығын, кәсіпті және еңбекақының мөлшерін көрсете отырып, кезекті қаржы жылы жастар практикасын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушілердің тізбесі күнтізбелік жыл ішінде қажеттілігіне қарай жаңартылады.

12. Жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бектілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның шешімін әрбір өтінім бойынша "Еңбек нарығы" ААЖ-ға енгізеді.

13. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жұмыс берушінің кезекті қаржы жылына жастар практикасын ұйымдастыруға қатысуынан бас тартуы туралы шешім қабылдаған кезде жұмыс берушінің Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне" "Еңбек нарығы" ААЖ-дан себебі көрсетілген бас тарту туралы хабарлама түседі.

14. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның жұмыс берушінің өтінімдері бойынша оң шешімінің негізінде жұмыспен қамту орталығы "Еңбек нарығы" ААЖ-дан жұмыс берушінің Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жастар практикасын ұйымдастыруға және қаржыландыруға шартты ( бұдан әрі – Шарт) жібереді.

15. Жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығынан Шарт түскеннен кейін 10 ( он) жұмыс күні ішінде оған Электрондық еңбек биржасында ЭЦҚ-ны пайдаланып қол қояды.

16. Жұмыс беруші Шарттың негізінде жастар практикасын ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құрады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде жастар бойынша бос орындарды Электрондық еңбек биржасында жариялайды.

Жұмыс орындары түлектердің білім беру ұйымдарында меңгерген кәсібіне ( мамандығына) немесе немесе Ұлттық кәсіптер жіктеуішінде қызметтің осы тобына жататын ұқсас кәсіпке(мамандыққа) сәйкес келеді.

17. Жастар практикасына қатысу үшін жұмыссыздар:

1) жеке басты куәландыратын құжатты

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар екенін растайтын құжатты қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыспен қамту орталығына өтініш береді.

Жеке басын куәландырғаннан және "Еңбек биржасы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар жұмыссызға қайтарылады.

18. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссызадрға олардың келісімімен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жастар практикасына жолдама береді.

19. Жұмыссыз жұмыспен қамту орталығынан жолдама алған күнен бастап 5 ( бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жүгінеді.

20. Жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығы берген жолдама бойынша жүгінген жұмыссыздарды жастар практикасына қабылдайды.

21. Жұмыс беруші "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығын қабылдау немесе одан бас тарту туралы хабардар етеді.

22. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Жұмыс беруші жұмыссызға кәсіби білімін және жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі жұмыскерлер арасынан тәлімгер бекітеді.

24. Жастар практикасынан өту кезеңі жұмыссыздың еңбек өтіліне есептеледі.

25. Жұмыс беруші таратылған және жұмыс беруші жастар практикасын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда жастар практикасы бойынша еңбек қызметін тоқтатқан адамдар қалған өтелмеген мерзімін басқа жұмыс берушілерде жалғастырады.

26. Жастар практикасына қатысуды өз еркімен, дәлелсіз себеппен тоқтатқан адамдар жұмыссыздар ретінде есептен шығарылады және жұмыссыздар ретінде қайта тіркелген күннен бастап үш ай өткен соң ғана жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қайта қатысады.

27. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздың жастар практикасына жұмысқа орналастырылғаны және жастар практикасына қатысуды аяқтағаннан кейін ( мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналастырылғаны туралы мәліметтерді жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетеді.

28. Жұмыспен қамту орталығы жастар практикасын аяқтағаннан кейін жұмыссыздарға тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

29. Жұмыс беруші Электрондық еңбек биржасындағы "жеке кабинетінде" ай сайын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жастар практикасына қатысатын жұмыссыздар туралы мәліметтерді толтырады және есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығына электрондық форматта жібереді.

30. Жұмыспен қамту орталығы есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде жұмыс берушілердің мәліметтерінің негізінде "Еңбек нарығы" ААЖ-ға жастар практикасына қатысатын жұмыссыздардың статустары бойынша деректерді қояды.

## 3-тарау. Жастар практикасын қаржыландыру тәртібі

31. Жұмыссыздаррдың жалақысын қаржыландыру еңбек шартына сәйкес 12 ( он екі) айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Жалақының бір айдағы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді қоспағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыларды және банк қызметтерін ескергенде кемінде 30 (отыз) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Орындалатын жұмыстың көлеміне және күрделілігіне қарай жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, қажет болған жағдайда, нақты орындалған жұмыс үшін қосымша үстемеақылар белгілейді.

32. Жастар практикасын қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдау шарасын республикалық бюджеттен қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдау шарасын жергілікті бюджеттен қаржыландыру халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган арқылы жүзеге асырылады.

33. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жұмыссыздарға еңбекақы төлеуді қоса қаржыландыруды және субсидиялауды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган жүзеге асырады.

34. Жастар практикасына қатысушыларға жалақы төлеуді жұмыс берушілер ұсынған мәліметтердің негізінде еңбек шартында белгіленген мөлшерге қарай ай сайын жұмыспен қамту орталығы жүргізеді және екінші деңгейдегі банктерде ашылған ағымдағы шоттарға (карточкалық) ақшалай қаражат аудару арқылы жүзеге асырады.

35. Жұмыссыздарға уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді Еңбек кодексіне сәйкес жұмыспен қамту орталығы жүргізеді.

Жастар практикасын ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
1-қосымша
Форма

**Жастар практикасын ұйымдастыруға және қаржылануруға № _______ шарт**

_______________________________ __________________

Жасалған орны Күні

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, " Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 516 бұйрық) және __ _________________ ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органының 20 ___ жылғы ___ _________ № ___ шешімінің негізінде бұдан әрі бірлесе "Тараптар" деп аталатын бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын ______________________ ауданы (қаласы) Халықты жұмыспен қамту орталығының атынан _______________

_________________________________________________________________

(директордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын __________________________
негізінде әрекет ететін ____________________________________________
_________________________________________________________ атынан
(жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефоны)

________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

жастар практикасын ұйымдастыруға және қаржылануруға осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегі туралы келісімге келді:

**1. Шарттың мәні**

1.1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы

жұмыссыздар үшін олар алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жастар практикасын ұйымдастыру жіне қаржыландыру.

1.2. Шарттың жалпы сомасы ___________________ теңгені құрайды,
(жазбаша)
оның ішінде республикалық бюджет есебінен ________ теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен ________ теңге.

1.3. Жұмыссыздардың жалпы саны______________ адамды құрайды.
(жазбаша)

**2. Тараптардың міндеттемелері**

2.1. Тапсырыс беруші:

1) Орындаушыдан Шарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге;

2) Шарт талаптарының орындалуына барып тексеру жасауға құқылы. Шарт талаптарының орындалуын тексеру нәтижелері барып тексеру актілерімен рәсімделеді.

2.2. Орындаушы:

1) өз қаражаты есебінен жұмыссыздарға қосымша үстемеақы төлеуге;

2) жұмыссыздың талабы бойынша жұмыс нәтижесі жөнінде пікір (ұсыным хат) ұсынуға құқылы.

Ескерту. 2.2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2.3. Тапсырыс беруші:

1) жұмыссыздарды олардың келісіммен Орындаушыға _________________
(жазбаша)
адамды жастар пракикасынан өтуге жіберуге;

2) Орындаушы ұсынған ай сайынғы мәліметтердің негізінде Еңбек кодексіне сәйкес жұмыссыздарға уақтылы және толық көлемде жалақы төлеуге;

3) жастар практикасын қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуына және адамдарда міндетті зейнетақы аударымдарының болуына ай сайын мониторинг жүргізуге;

4) жұмыссыздың жастар практикасына қатысуы және жастар практикасына қатысуды аяқтағаннан кейін (мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасуы туралы мәліметті жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетуге міндетті.

2.4. Орындаушы:

1) жастар практикасын ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын құруға;

2) жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жүгінген жұмыссыздарды жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға;

3) жұмыссыз үшін кәсіби білімін және жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі жұмыскерлер арасынан тәлімгер бекітуге;

4) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығын жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы хабардар етуге;

5) Еңбек кодексіне сәйкес әрбір жұмыссызбен еңбек шартын жасауға;

6) әрбір адамға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізуге;

7) қажет болған жағдайда адамдарды арнайы киіммен, құрал-саймандармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге;

8) жұмыссыздарды Еңбек кодексіне сәйкес тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;

9) жұмыссыздардың еңбек міндеттерін атқару кезінде денсаулығына зиян келтірілген жағдайда Еңбек кодексіне сәйкес зиянды өтеуге;

10) жұмыссыздың еңбек кітапшасына (ол бар болса) жастар практикасынан өту кезеңін енгізуге;

11) № 516 бұйрықпен бекітілген жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруше ұсынуға;

12) Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндетемелердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды толық көлемде ұсынуға;

13) жастар практикасын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда мемлекеттің жұмыссыздарға жалақы төлеуге жұмсаған шығыстарын өтеуге;

14) Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне жұмыссызбен жасалған және тоқтатылған еңбек шарты туралы ақпаратты енгізуге міндетті.

Ескерту. 2.4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3. Еңбекақы төлеу**

3.1. Жастар практикасына жіберілген жұмыссыздарға еңбекақы төлеуді Тапсырыс беруші Орындаушының мәліметтерінің негізінде жүргізеді.

**4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін не толығымен, не ішінара басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

4.2. Орындаушы жастар практикасын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Шарт бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұзылуға жатады.

Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте бір Тарап екінші тарапты бұл туралы кемінде бір ай мерзімде хабардар етуге тиіс .

4.3. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған заң бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатпайды.

**5. Форс-мажор**

5.1. Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды , егер ол Форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

5.2. Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына көнбейтін және күтпеген сипатқа ие оқиғалар. Мұндай оқиғалар өртті, жер сілкінуін, су тасқынын, апатты жағдайларды және әскери әрекеттерді қамтуы мүмкін.

5.3.Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Орындаушы орындылығына қарай Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелді емес Келісімшартты орындаудың балама көздерін іздейді.

5.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда тараптардың ешқайсысының басқа тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

**6. Дауларды шешу тәртібі**

6.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы тікелей келіссөздер процесінде араларында Шарт немесе соған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық күштерін салуға тиіс.

6.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса онда тараптың кез келгені Қазақстан

Республикасының заңнамаларына сәйкес осы мәселенің шешілуін талап ете алады.

**7. Өзге де жағдайлар**

7.1. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде жазылды және Электрондық еңбек биржасы арқылы жасалды.

7.2. Бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама почта байланысы немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберіледі. Осы күндердің қайсысы кейін туатынына қарай хабарлама ол жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

7.3. Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар жасалған Шарттың нысанында қосымша келісіммен рәсімделеді.

Орындаушы таңдауының негізі болып табылатын шарттардың өзгермеуі талаптарында жасалған Шартқа өзгерістер енгізу:

1) Шарт бойынша жұмыс орындары санының ұлғаюы;

2) Шарт бойынша қатысушылар санының ұлғаюы бөлігінде міндетті.

Егер жұмыс беруші жұмыс орнына біліктілік талаптарына сәйкес келмеу себебі бойынша жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жұмысқа орналасу үшін жүгінген адамдардың арасынан кандитатты таба алмаса, онда Тапсырыс беруші халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның шешімінің негізінде Шартқа өзгерістер енгізбей-ақ жұмыс берушінің өтінімі бойынша жұмыс орнының кәсібін (мамандығын) өзгертуі мүмкін.

7.4. Егер қаржы жылы ішінде бюджеттен жастар практикасын қаржыландыру көлемі азайса, онда Тапсырыс беруші Шарт бойынша міндетемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда бір Тарап екінші Тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқылы емес. Тапсырыс беруші кемінде 2 (екі) ай бұрын Орындаушыға бюджеттен жастар практикасын қаржыландыру көлемінің азайғаны туралы хабарлама жібереді және бұл жағдайда Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілмейді.

**8. Шарттың қолданылу мерзімі**

8.1. Осы шарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы __ ________ бастап 20__ жылғы __ ____________ дейін.

8.2. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**9. Тараптардың заңды мекенжайлары:**

| Тапсырыс беруші | Жұмыс беруші |
|---|---|
| ________________ ауданының (қаласының)<br>Халықты жұмыспен қамту орталығы | |

| | |
|---|---|
| заңды мекенжайы: _______________<br>ЖСК ___________________________<br>БСК ___________________________<br>БСН (ЖСН) _____________________<br>Коды __________________________<br>______________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса))<br>______________________________<br>(қолы) | заңды мекенжайы: _______________<br>ЖСК ___________________________<br>БСК ___________________________<br>БСН (ЖСН) _____________________<br>Коды __________________________<br>______________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса))<br>______________________________<br>(қолы) |

Осы құжат "Электрондық құжат және электорндық цифрлық қолтаңба туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Жастар практикасын ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан
_________________ ауданының
(қаласының) халықты жұмыспен
қамту орталығының директорына
___________________________
мекенжайы бойынша тұратын
___________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Өтініш**

Мені _____________________________________________ кәсібі бойынша (кәсіптің/мамандықтың атауы)

жастар практикасына жіберуіңізді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды:

1) жеке басты куәландыратын құжатты

2) еңбек кітапшасын (бар болса);

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар екенін растайтын құжатты беремін.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

*ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне өтініш беруші жауапты болады.

____________________ ______________

Күні қолы

------------------------------------------------------------------------------------------

(кесу сызығы)

Азамат ______________________________________________ өтініші 20 _
_ жылғы "___"
___________ қабылданды, № ___________ болып тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы:
____________________________________________________________
___________________________________________________________.
__________________ _____________
Күні қолы

Жастар практикасын ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Жастар практикасына № ____ жолдама**

Жұмыссыз __________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
20 __ жылғы "__" _________ бастап 20__ жылғы "__" _________ дейін ____ ай
мерзімге ________________________________________________________
(жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)
_______________________________________________________________
(кәсіп/мамандық атауы)
мамандығы (кәсібі) бойынша жастар практикасына жұмысқа орналасу үшін жіберілді.
_________________________________________ _______________
Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Берілген күні Мөрдің орны
-----------------------------------------------------------------------------------------
(кесу сызығы)
Жұмысқа орналасу үшін жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші
Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарады

**№ _____ жолдамаға хабарлама**

____________________________________________________________
_________________________________________________________________
(жұмыс берушінің атауы)

20__ жылғы "__" ___________ жасалған № _____ еңбек шартына (20__ жылғы "__" _______
№ _____ бұйрық) сәйкес азамат ____________________________

_____________________________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____________________________________________________________________
(лауазым атауы)
ретінде 20__ жылғы "__" _________ бастап 20__ жылғы "__" _________ дейін_____ ай
мерзімге жастар практикасына жұмысқа орналасу мерзімімен жастар практикасына
қабылданды.
Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.
Жұмыс берушінің жауапты өкілі:

______________________________________ ________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)
Берілген күні Мөрдің орны

Жастар практикасын ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

20___ жылғы _________ үшін ________________________________-дегі
(ай) (жұмыс берушінің атауы)

**Жастар практикасына қатысушы жұмыссыздар туралы мәліметтер**

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Айдағы жұмыс күндерінің саны | Нақты жұмыс істеген күндер | Уақытша жұмысқа жарамсыздық күндері | Қызмет көрсететін банк | карточкалық немесе ағымдағы шотының 20 мәнді нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Жұмыс берушінің ЭЦҚ-сы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
4-қосымша

**Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары**

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.02.2017 № 8 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
4-қосымша

## Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

Ескерту. Бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыдандыру қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабы 6) тармақшасына (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң), "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жұмыссыздарды жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында және жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – " Еңбек нарығы" ААЖ) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

2) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – адамның кәсіптік білімін, дағдыларын, қызығушылықтарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіп таңдауда, кәсіп түрін ауыстыруда және біліктілігін арттыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысқан іс-шаралар кешені;

3) дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны;

4) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

5) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке бас деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаттары және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;

6) жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

7) кәсіптік оқыту – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтар (кәсіптер) алу мақсатында білім беру ұйымдарында не жұмыс берушілер ұйымдарының жанындағы білім беру қызметіне құқығы бар оқу орталықтарында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын оқыту;

8) колледж – жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

9) оқу орны –техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және ( немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

10) оқу орталығы – міндетті түрде өндірістік практиканы ұйымдастырып, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;

11) өңірлік комиссия – жергілікті өкілді органдар, жұмыс берушілер, кәсіптік одақтар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органы жанындағы ведомствоаралық комиссия;

12) аудандық (қалалық) комиссия – ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы жанындағы халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

13) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – жұмыспен қамту орталығы) – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Кәсіптік оқытудың ұзақтығы біліктілік пен дағдылардың ерекшеліктерінен шыға отырып, 6 (алты) айдан аспайтын мерзімді құрайды.

## 2-тарау. Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

### 1-параграф. Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі

4. Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқыту (бұдан әрі – Оқыту) жұмыс берушілердің меншік нысанына қарамастан олардың сұратуы бойынша ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды тұрақты түрде жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан аса қызмет ететін жұмыс берушілердің қатысуына жол беріледі.

5. Оқытуды өткізу үшін біліктілік пен дағдылардың тізбесі жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде қалыптастырылады.

6. Оқытуды ұйымдастыру үшін жұмыс берушілер ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейінгі мерзімде жұмыспен қамту орталығына алдағы қаржы жылына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

7. Жұмыспен қамту орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірыңғай тізбесін қалыптастырады және бекіту үшін аудандық (қалалық) комиссияға жібереді.

8. Аудандық (қалалық) комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде біліктілікті (дағдыларды), кәсіптік оқытуға жолданатын жұмыссыздардың санын, оқыту ұзақтығын көрсетумен өтінімдері бойынша Оқыту ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушілердің тізбесі күнтізбелік жыл ішінде қажеттілігіне қарай жаңартылады.

9. Жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бекітілген соң 5 ( бес) жұмыс күні ішінде аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы жұмыс берушілерді хабардар етеді.

10. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ӨКП) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жұмыс берушілер мен қауымдастықтар жанындағы оқу орталықтарын, "Жас Маман" жобасының колледждерді, жекеше оқу орталықтары мен колледждерді (бұдан әрі – Білім беру ұйымдары) іріктеуді жүзеге асырады және оларды "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатысының техникалық және қызмет көрсету кәсіптері ( мамандықтары) бойынша кәсіптік оқыту, қайта оқыту, біліктілікті арттыру және біліктілік беру бойынша оқу орталықтары мен оқу мекемелерінің тізіліміне ( бұдан әрі – Тізілім) қосады.

11. Білім беру ұйымдары мынадай талаптарға сәйкес келген кезде Тізілімге қосылады:

1) тәлімгерлікпен дуальды оқыту элементтерін пайдалану;

2) оқуды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға белгіленген үлгідегі куәлік немесе сертификат бере отырып, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды өткізу бойынша кемінде 6 (алты) ай тәжірибесінің болуы не техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша білім беру қызметіне лицензияның болуы (кәсіпорындар немесе салалық қауымдастықтар жанындағы оқу орталықтары үшін қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жүргізу тәжірибесі талап етілмейді);

3) оқудан өткен адамдардың жұмысқа орналасу деңгейі (Тізілімге қосуға өтінім берген сәтте) кемінде 60 %-ды құрауы;

4) өндірісте кемінде бір жыл кәсіптік практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылардың болуы;

5) материалдық-техникалық базаның болуы;

6) ӨКП және жұмыс берушілермен келісілген қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламаларының болуы.

Жұмысқа орналасу деңгейі Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне мерзімді қызметке шақырылғандарсыз, бала күтіміне байланысты демалыста отырғандарсыз, қайта білім алып жатқандарсыз есептеледі және міндетті зейнетақы жарналарының бар болуы негізінде айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарын жұмыссыздар оқуды аяқтағаннан кейін үш ай өткеннен кейін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тексереді.

Білім беру ұйымдарын Тізілімге енгізу тәртібін "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы айқындайды.

12. Оқытуға қатысқысы келетін үміткерлер жұмыспен қамту орталықтарына:

1) жеке басты куәландыратын құжатты;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);

3) бар болса білімі туралы құжатты (аттестат, куәлік, диплом), оқытудан өткенін растайтын құжатты (куәлік, сертификат);

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмесін;

5) екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы (карталық) шоттың нөмірін ( Білім беру ұйымына қабылданған соң ұсынылады) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмесі Білім беру ұйымына қабылданған соң ұсынылады.

Жеке басын куәландырғаннан және "Еңбек биржасы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар үміткерге қайтарылады.

13. Жұмыспен қамту орталығы "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 516 бұйрық) бекітілген Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидаларына сәйкес үміткерге әлеуметтік кәсіптік бағдарлау өткізеді.

Жұмыспен қамту орталығы әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудың нәтижесі бойынша оқуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және электрондық почтаның көмегімен жұмыс берушлерге келісуге жібереді.

14. Жұмыс беруші 3 (үш) күні ішінде Тізілімге сәйкес Білім беру ұйымының 3 нұсқасын көрсете отырып, үміткерлердің тізімін келіседі. Үміткерлер жұмыс берушінің ұсынымының негізінде Тізілімнен Білім беру ұйымын таңдайды.

15. Үміткер Білім беру ұйымын таңдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығы оған оның келісімімен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымдарына оқуға жолдама береді және жұмыссызбен, білім беру ұйымымен және жұмыс берушімен № 516 бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес кәсіптік оқыту жөніндегі әлеуметтік келісімшарт ( бұдан әрі – Әлеуметтік келісімшарт) жасайды.

16. Жұмыспен қамту орталығы Оқыту бағдарламасын іске асыру үшін білім беру ұйымымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26502 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 12 бұйрық) бекітілген Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларына сәйкес шарт жасайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Үміткер жұмыспен қамту орталығынан жолдама алған күнен бастап 5 (бес ) жұмыс күні ішінде Білім беру ұйымына Оқыту мәселесі бойынша жүгінеді.

18. Білім беру ұйымы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталықтарының жолдамасы бойынша жүгінген үміткерлерді оқуға қабылдайды және қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жұмыспен қамту орталығына жібереді.

19. Білім беру ұйымы оқытуды күндізгі нысанда және (немесе) онлайн режимде жүзеге асырады.

20. Білім беру ұйымы жұмыс берушілермен бірлесіп және ӨКП-ның келісімі бойынша дуальды оқыту элементтері бар білім беру (оқу) бағдарламаларын әзірлейді.

21. Дуальды оқыту элементтері бар білім беру (оқу) бағдарламалары теориялық оқытуды және кәсіпорынның (ұйымның) базасында кемінде алпыс пайыз өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы көздеуге тиіс.

22. Білім беру ұйымы жұмыссыздарды:

1) білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан дәлелсіз себептермен қалған;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 125 бұйрық) бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда оқудан шығарады.

23. Дәлелсіз себептермен оқудан шығарылған жұмыссыздар жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір жыл өткен соң ғана оқудан қайта өтеді, бірақ оқуға бір рет қана жіберіледі.

24. Білім беру ұйымы № 125 бұйрыққа сәйкес жұмыссыздарға қорытынды аттестаттау өткізеді.

25. Білім беру ұйымдары Оқытуды аяқтаған жұмыссыздарға "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың

нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес нысан бойынша куәлік немесе сертификат береді.

26. Жұмыссыз оқуды сәтті аяқтағаннан кейін жұмыс беруші оны 10 (он) жұмыс күні ішінде мәлімдеген жұмыс орнына кемінде 12 (он екі) мерзімге жұмысқа орналастырады.

27. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы халықты жұмыспен қамту орталығын "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағы 4) тармақшасында белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

28. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздың оқудан өткендігі және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетіледі.

29. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші-жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші жұмыссызды мәлімдеген жұмыс орнына жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, төленген материалдық көмек пен стипендияның сомасын қоса алғанда, мемлекеттің оқуға нақты жұмсаған шығыстарын бюджетке қайтарады.

31. Білім беру ұйымдары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне қарай жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Оқытудың іске асырылу барысы туралы есептілік және № 12 бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтердің актісін ұсынады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Жұмыспен қамту орталығы есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейінгі мерзімде Білім беру ұйымдарының мәліметтерінің негізінде "Еңбек нарығы" ААЖ-ға оқып жатқан жұмыссыздардың статустары бойынша деректерді қояды.

**2-параграф. Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды қаржыландыру қағидалары**

33. Оқытуды қаржыландыруды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырады.

34. Білім беру ұйымдарындағы Оқытудың құнын облыстық деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың және ӨКП-ның ұсынымы бойынша білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесіне арналған шығыстарға сүйене отырып, өңірлік комиссиялар жыл сайын белгілейді және онда өндірістік оқыту шеберлеріне еңбекақы төлеу көзделеді.

35. Өндірістік оқыту шеберлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 597 бұйрық) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

36. Оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар оқу ақысын төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен, Қазақстан Республикасының заңнамасында жұмысшы біліктіліктер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқып жатқан студенттер үшін белгіленген мөлшерде стипендиямен, сондай-ақ, жол жүруге, тұруға және медициналық тексеріп-қараудан өтуге материалдық көмекпен қамтамасыз етіледі .

37. Материалдық көмек:

1) облыс шегінде, бірақ жұмыссыздар тұрақты тұратын елді мекендерден тыс орналасқан білім беру ұйымдарында оқыған барлық кезеңде оқу орнына баруға және қайтуға 4 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде жол жүруге;

2) жұмыссыздар тұрақты тұратын елді мекендерден тыс орналасқан білім беру ұйымдарында оқыған уақытта Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында

, Атырау және Маңғыстау облыстарында тұруға ай сайын – 15 АЕК мөлшерінде, қалған облыстарда тұруға ай сайын – 10 АЕК мөлшерінде;

3) оқудың барлық кезеңінде медициналық тексеріп-қараудан өтуге 2 АЕК мөлшерінде беріледі.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Материалдық көмек шығыстарды растайтын құжаттар ұсынылмай, білім беру ұйымы берген сабаққа келуі туралы анықтаманың негізінде төленеді.

39. Оқытудан онлайн режимде өткен кезде тұруға және жол жүруге материалдық көмек төленбейді.

40. Жұмыспен қамту орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 ( оныншы) күніне қарай Білім беру ұйымы ұсынған есептіліктердің негізінде жұмыссыздардың ағымдағы (карточкалық) шоттарына стипендия мен материалдық көмекті аударады.

41. Жұмыспен қамту орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне қарай Білім беру ұйымы ұсынған орындалған жұмыстардың актісінің негізінде Білім беру ұйымының есеп айырылсу шотына Оқыту ақысын аударады.

## 3-тарау. Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі

### 1-параграф. Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі

42. Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқыту (бұдан әрі – Оқыту) мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жұмыс істеп тұрған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер статусы бар;

2) бір жылдан астам жұмыс істеп тұрған;

3) салық, жарналар және аударымдар бойынша өтіп кеткен берешегі жоқ;

4) материалдық-техникалық базасы бар;

5) өндірісте кемінде бір жыл кәсіптік практикалық жұмыс өтілі бар білікті жұмыскерлері бар;

6) жұмысшы біліктіліктер бойынша кадрлар даярлаудың жеке бағдарламалары бар;

7) оқудан өткен адамдардың жұмысқа орналасу деңгейі (өтінім берген сәтте) кемінде 60 %-ды құрайтын кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады.

Жұмысқа орналасу деңгейі Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне мерзімді қызметке шақырылғандарсыз, бала күтіміне байланысты демалыста отырғандарсыз, қайта білім алып жатқандарсыз есептеледі және міндетті зейнетақы жарналарының бар болуы негізінде айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарын жұмыссыздар оқуды аяқтағаннан кейін үш ай өткеннен кейін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тексереді.

43. Оқытуды ұйымдастыру тәртібін жұмыс беруші айқындайды және бұйрықпен рәсімдейді. Бұйрықта оқу өтетін кәсіпорынның бөлімі, оқуды өткізу нысандары, тәлімгердің тегі және аты көрсетіледі.

44. Оқытуды ұйымдастыру үшін жұмыс беруші ағымдағы қаржы жылындағы 1 қарашаға дейінгі мерзімде жұмыспен қамту орталығына алдағы қаржы жылына осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

45. Жұмыспен қамту орталығы өтінімдерді жинау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінімдерді осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген жұмыс берушілерді іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан қаралады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Аудандық (қалалық) комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде біліктілікті ( дағдыларды), кәсіптік оқытуға жолданатын жұмыссыздардың санын, оқыту ұзақтығын көрсетумен өтінімдері бойынша Оқыту ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесін бекітеді.

Жұмыс берушілердің тізбесі күнтізбелік жыл ішінде қажеттілігіне қарай жаңартылады.

47. Жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілердің тізбесі бекітілген соң 5 ( бес) жұмыс күні ішінде аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы жұмыс берушілерді хабардар етеді.

48. Аудандық (қалалық) комиссияның оң шешімінің негізінде жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушімен осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыссыздарды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға және қаржыландыруға шарт (бұдан әрі – Шарт) жасайды.

49. Оқытуға қатысқысы келетін үміткерлер жұмыспен қамту орталықтарына:

1) жеке басты куәландыратын құжатты;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттарды (бар болса);

3) бар болса білімі туралы құжатты (аттестат, куәлік, диплом), оқытудан өткенін растайтын құжатты (куәлік, сертификат);

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмесін (Білім беру ұйымына қабылданған соң ұсынылады) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Жеке басын куәландырғаннан және "Еңбек биржасы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар үміткерге қайтарылады.

50. Жұмыспен қамту орталығы № 516 бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидаларына сәйкес үміткерге әлеуметтік кәсіптік бағдарлау өткізеді.

51. Жұмыспен қамту орталығы әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудың нәтижесі бойынша оқуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және электрондық почтаның көмегімен жұмыс берушіге келісуге жібереді.

52. Жұмыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Оқуға үміткерлердің тізімін келіседі және қажет болған кезде әлеуетті үміткерлермен сұхбаттасу өткізеді.

53. Жұмыспен қамту орталығы 3 (үш) жұмыс күні ішінде үміткерлерді жұмыс беруші қабылдаған шешім туралы хабардар етеді және олардың келісімімен жұмыссыздарға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқуға жолдама береді.

54. Үміткер жұмыспен қамту орталығынан жолдама алған күннен бастап 5 ( бес) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіге Оқыту мәселесі бойынша жүгінеді.

55. Жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша жүгінген үміткерлерді Оқуға қабылдайды және үміткерлермен Еңбек кодексінің 33-бабына сәйкес еңбек шартын жасайды.

56. Жұмыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту орталығына оқу кезеңінде жұмыссыздарды жұмысқа қабылдау туралы хабарлайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Еңбек шарты сабақтарды дәлелсіз себептермен босату және еңбек заңнамаларын сәйкес өз қызметтік міндеттемелерін орындамау жағдайларында, сондай-ақ үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау/сертификаттау қорытындысы бойынша бұзылады.

58. Дәлелсіз себептермен оқудан шығарылған жұмыссыздар жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір жыл өткен соң ғана оқудан қайта өтеді, бірақ оқуға бір рет қана жіберіледі.

59. Жұмыс беруші жұмыссыздың жеке оқу бағдарламасын жасайды және білікті тәлімгерді бекітіп, жұмыс орнында оқытуды жүзеге асырады.

60. Оқуды аяқтаған соң жұмыс беруші жұмыссыздардың кәсіптік даярлығын бағалау бойынша біліктілік емтихан өткізеді.

61. Оқуды аяқтаған жұмыссыздарға жұмыс беруші кәсіби дағдыларды меңгергені туралы сертификат береді және жұмыс орнына жұмысқа орналасуды ұсынады.

62. Жұмыссыз оқуды сәтті аяқтағаннан кейін жұмыс беруші Шарттың негізінде оны 10 (он) жұмыс күні ішінде тұрақты жұмыс орнына кемінде 12 (он екі) мерзімге жұмысқа орналастырады.

63. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау немесе одан бас тарту туралы жұмыспен қамту орталығын "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 28-бабы 2-тармағы 4) тармақшасында белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

64. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздың оқудан өткені және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасқаны туралы мәліметтерді жұмыспен қамтудың жеке картасында көрсетеді.

65. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.03.2023 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші- жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші жұмыссызды тұрақты жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, мемлекеттің оқуға жіберілген жұмыссызға жалақы төлеуге жұмсаған шығыстарын бюджетке қайтарады.

67. Жұмыс берушілер ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне қарай жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 10 және 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Оқытудың іске асырылу барысы туралы есептілік және " Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстардың актісін ұсынады.

68. Жұмыспен қамту орталығы есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейінгі мерзімде жұмыс берушілердің мәліметтерінің негізінде "Еңбек нарығы" ААЖ-ға оқып жатқан жұмыссыздардың статустары бойынша деректерді қояды.

**2-параграф. Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуды қаржыландыру тәртібі**

69. Оқытуды қаржыландыруды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырады.

70. Оқытудың құнын облыстық деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың және ӨКП-ның ұсынымы бойынша білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесіне арналған шығыстарға сүйене отырып, өңірлік комиссиялар жыл сайын белгілейді және онда өндірістік оқыту шеберлеріне еңбекақы төлеу көзделеді.

Өндірістік оқыту шеберлеріне еңбекақы төлеу № 597 бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

71. Оқу кезеңінде жұмыссызға жалақыны жұмыспен қамту орталығы төлейді.

72. Жалақының бір айдағы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескергенде 20 (жиырма) АЕК-ті құрайды.

73. Орындалатын жұмыстың көлеміне және күрделілігіне қарай жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, қажет болған жағдайда, нақты орындалған жұмыс үшін жалақыға қосымша үстеме ақы белгілейді.

74. Жұмыспен қамту орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 ( онынш) күніне қарай жұмыс беруші ұсынған есептіліктердің негізінде жұмыссыздардың ағымдағы (карточкалық) шоттарына жалақыны аударады.

75. Жұмыссыздарға уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді Еңбек кодексіне сәйкес жұмыспен қамту орталығы жүргізеді.

76. Жұмыспен қамту орталығы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінш) күніне қарай жұмыс беруші ұсынған орындалған жұмыстардың актісінің негізінде жұмыс берушінің есеп айырылсу шотына Оқыту ақысын аударады.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

____________________________
ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен қамту
орталығы

______________________________________________________________________

____________________________________________________________________

**(жұмыс берушінің толық атауы, заңды мекенжайы, БСН (ЖСН), байланысушы тұлға және телефоны)**
**жұмыссыздарды жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім**

| Р/с № | Оқытуды ұйымдастыру қажет біліктіліктің немесе дағдының атауы | Оқитындардың саны, адам | Оқудың ұзақтығы, айлар |
|---|---|---|---|
| | | | |

Жұмыс берушінің жауапты өкілі:

___________________________________________ _________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Өтінім берілген күн: _______________.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

_______________________
ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен
қамту орталығының
директорына
__________________________________
мекенжайы бойынша тұратын
__________________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Өтініш**

Мені жұмыс берушілердің сұратуы бойынша кәсіптік оқытуға жіберуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес
деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

*ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне өтініш беруші жауапты болады.

_____________________ _______________

Күні қолы

----------------------------------------------------------------------------------------------------

(кесу сызығы)

Азамат ________________________________________________ өтініші
20 __ жылғы "___" __________ қабылданды, № __________ болып тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы:

__________________________________________________________________

____________________________________________________________.

___________________ ______________

Күні қолы

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына 3-қосымша
Нысан

**Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша кәсіптік оқытуға № ____ жолдама**

Азамат _________________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

__________________________________________________________________

(Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)
20 __ "___" ___________ бастап 20 __ "___" ___________ дейін ___ ай мерзімге кәсіптік оқытуға жіберіледі.

___________________________________________ ________________

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Берілген күні Мөрдің орны

----------------------------------------------------------------------------------------------------

(кесу сызығы)

Кәсіптік оқытуға жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Білім беру ұйымы Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарады

**№ ___ жолдамаға хабарлама**

______________________________________________________________

(Білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

азамат ____________________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__жылғы "__" _______№___ бұйрыққа сәйкес _________________________

__________________________________________________________________

(Біліктілік атауы)

біліктілігі бойынша 20 __ жылғы "___"__________ дейін ________ ай мерзімге

кәсіптік оқытуға қабылданғанын хабарлайды.

Білім беру ұйымының жауапты өкілі:

_______________________________________ _______________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Берілген күні Мөрдің орны

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

20___ жылғы ________ үшін _____________________________-дегі

(ай) (Білім беру ұйымының атауы)

**Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар туралы мәліметтер**

| Р/с № | Тегі аты, әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Есепті айдағы оқу күндерінің саны | Бір айдағы сабаққа келген күндердің саны | Бір айдағы сабаққа келмеген күндер | | Сабаққа келмеу себебі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Барлығы | Оның ішінде дәлелсіз себептер бойынша | |
| | | | | | | | |

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:

_____________________________________ ________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___"____________________.

Мөрдің орны

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
5-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: халықты жұмыспен қамту орталықтарына

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.enbek.gov.kz

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: КО-1

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы ________ айы.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Білім беру ұйымдары

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне қарай

Кесте. Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер

| Мамандық атауы | Біліктілік атауы | Оқу мерзімі | Өтініш берген адамдардың саны | Оқуға қабылданғандардың саны | Білім алушы студенттердің/ адамдардың саны | Оқуды аяқтаған адамның саны | Оқудан шығарылғандардың саны | Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Сабақтан қалғандар | Үлгермеу |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Кестенің жалғасы:

| Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ішкі тәртіпті бұзғандар | Өз өтінішімен кеткендер | Сырқатына байланысты | ҚР Қарулы күштерінің шұғыл қызметіне шақырту алғандар | Жұмысқа орналасу себебімен | Қайтыс болғандар | Жүктілік, босану, бала күтімі бойынша демалыс алғандар | Тұрақты мекен – жайдың ауысуына байланысты | Басқа да себептер |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| | | | | | | | | |

Атауы ____________________________________________________

Мекенжайы ________________________________________________

Телефоны _________________________________________________

Электрондық почта мекенжайы _______________________________

Орындаушы: _________________________________ _______________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:_________________________ ________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___"____________________.

Мөрдің орны

"Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Білім беру ұйымдары толтырады және халықты жұмыспен қамту орталықтарына ұсынады.

3. Нысанға Білім беру ұйымының басшысы не оның міндетін атқарушы адам, оның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып қол қояды.

4. Нысан есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне қарай ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанның 1-бағанында мамандықтың атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында біліктіліктің атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында оқыту мерзімі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында өтініш берген адамдар саны көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында оқуға қабылданған адамдардың саны көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында оқып жатқан студенттердің/адамдардың саны көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында оқуды бітірген адамдардың саны көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында оқудан шығарылған адамдардың саны көрсетіледі .

14. Нысанның 9-бағанында оқудан шығарылғандардың жалпы санынан сабақты қалдыру себебі бойынша оқуын аяқтамағандардың саны көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабақ үлгермеу себебі бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан ішкі тәртіпті бұзу себебінен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан өз еркімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

18. Нысанның 13-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сырқатына байланысты оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

19. Нысанның 14-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына алынғандардың саны көрсетіледі.

20. Нысанның 15-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жұмысқа орналасу себебімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

21. Нысанның 16-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан қайтыс болғандықтан оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

22. Нысанның 17-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жүктілігіне, босану және бала күтіміне байланысты демалыс алған адамдардың саны көрсетіледі.

23. Нысанның 18-бағанында жалпы шығарылғандардың жалпы санынан тұрақты мекенжайын ауыстыруына байланысты оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

24. Нысанның 19-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан басқада жағдайлар бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
6-қосымша

____________________________
ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен қамту
орталығы

______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

**(жұмыс берушінің толық атауы, заңды мекенжайы, БСН (ЖСН), байланысушы тұлға және телефоны) Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға ағымдағы қаржы жылына өтінім**

| Р/с № | Оқытуды ұйымдастыру қажет біліктіліктің немесе дағдының атауы | Оқитындардың саны, адам | Оқудың ұзақтығы, айлар | Бір айдағы оқудың құны, теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Жұмыс берушінің жауапты өкілі:

_________________________________________ _________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Өтінім берілген күн: ______________.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

**Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға және қаржыланыруға № _______ Шарт**

Ескерту. Тақырыптың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

______________________________ ______________________

Жасалған орны Күні

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, " Халықты
жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13938 болып
тіркелген) (бұдан әрі – № 516 бұйрық) және аудандық (қалалық) комиссияның 20 ___ жылғы
___ __________ № ___ шешімінің негізінде бұдан әрі бірлесе "Тараптар" деп аталатын бұдан
әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын ____________________________ ауданы ( қаласы)
Халықты жұмыспен қамту орталығының атынан _____________________________ ________

__________________________________________________________________________ ________

(директордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын ___________________ негізінде әрекет ететін

__________________________________________________________________________ ________

_____________________________________________________________ атынан
(жұмыс берушінің атауы, заңды мекенжайы, байланыс телефоны)

__________________________________________________________________________ ________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)
жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға

және қаржыланыруға осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегі туралы
келісімге келді:

**1. Шарттың мәні**

1.1. Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыланыру.

1.2. Шарттың жалпы сомасы _________________ теңгені құрайды,
(жазбаша)
оның ішінде білім беру қызметтерін көрсетуге _____________________ теңге,
(жазбаша)
оқу кезеңінде жұмыссыздардың жалақысын субсидиялауға ___________ теңге.
(жазбаша)

**2. Тараптардың міндеттемелері**

2.1. Тапсырыс беруші:

1) Орындаушыдан Шарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге;

2) Шарт талаптарының орындалуына барып тексеру жасауға құқылы. Шарт талаптарының орындалуын тексеру нәтижелері барып тексеру актілерімен рәсімделеді.

2.2. Орындаушы:

1) кәсіптік оқытуға үміткерлерді іріктеуге;

2) Тапсырыс берушіден Шарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге құқылы.

2.3. Тапсырыс беруші:

1) жұмыссыздарды олардың келісімен Орындаушыға ________________
(жазбаша)
адамды оқуға жіберуге;

2) оқу кезеңінде Орындаушы ұсынған ай сайынғы мәліметтердің негізінде жұмыссыздарға уақтылы және толық көлемде жалақы төлеуге;

3) орындалған жұмыстардың актісінің негізінде Орындаушыға оқу бойынша қызметтердің ақысын уақтылы және тролық көлемде төлеуге;

4) жұмыс беруші жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда жұмыссызды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге;

5) кәсіптік оқытуды қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуына және жұмыссыздарда міндетті зейнетақы аударымдарының болуына ай сайын мониторинг жүргізуге;

6) жұмыссыздардың жұмыспен қамтудың жеке картасында кәсіптік оқытудан өту және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасу туралы мәліметті көрсетуге міндетті.

2.4. Орындаушы:

1) жұмыссыздарды _________________________________ кәсібі (дағдысы)
(біліктіліктің (дағдының) атауы)
бойынша __________________________ нысанында кәсіптік оқытуға қабылдауға;
(даярлау немесе қайта даярлау)

2) кәсіптік даярлықты бағалау бойынша жұмыссыздарға біліктілік емтиханын өткізуге;

3) Еңбек кодексіне сәйкес жұмыссыздармен оқу кезеңінде еңбек шартын жасауға;

4) оқуды аяқтағаннан кейін жұмыссыздарды алған кәсібі бойынша тұрақты жұмыс орнына кемінде 12 (он екі) мерзімге жұмысқа орналастыруға;

5) Тапсырыс берушіні жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту (жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда себептерін көрсете отырып) туралы хабардар етуге;

6) Тапсырыс берушіге № 516 бұйрықпен бекітлген Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 11 және (немесе) 12-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оқып жатқандар, оқуды аяқтағандар, оқудан шығарылғандар туралы мәліметтерді есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға;

7) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыссыздарды жұмысқа қабылдаудан бас тартқан және кәсіптік оқытудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда мемлекеттік оқуға жіберілген жұмыссыздарға жалақы төлеуге жұсаған шығыстарын өтеуге міндетті.

**3. Тараптардың жауапкершілігі**

3.1. Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін не толығымен, не ішінара басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

3.2. Жұмыссыздар оқуды мерзімінен бұрын аяқтаған, жұмыс беруші кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда Шарт бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұзылуға тиіс.

Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте бір Тарап екінші тарапты бұл туралы кемінде бір ай мерзімде хабардар етуге тиіс .

3.3. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған заң бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатпайды.

**4. Форс-мажор**

4.1. Тараптар, егер ол Форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса, Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды.

4.2. Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына көнбейтін және күтпеген сипатқа ие оқиғалар. Мұндай оқиғалар өртті, жер сілкінуін, су тасқынын, апатты жағдайларды және әскери әрекеттерді қамтуы мүмкін.

4.3. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Орындаушы орындылығына қарай Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелді емес Шартты орындаудың балама көздерін іздейді.

4.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда тараптардың ешқайсысының басқа тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

**5. Дауларды шешу тәртібі**

5.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы тікелей келіссөздер процесінде араларында Шарт немесе соған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық күштерін салуға тиіс.

5.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, онда тараптың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы мәселенің шешілуін талап ете алады.

**6. Өзге де жағдайлар**

6.1. Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

6.2. Бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама почта байланысы немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберіледі. Осы күндердің қайсысы кейін туатынына қарай хабарлама ол жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

6.3. Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар жасалған Шарттың нысанында қосымша келісіммен рәсімделеді.

**7. Шарттың қолданылу мерзімі**

7.1. Осы Шарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы __ ________ бастап 20__ жылғы __ ___________ дейін.

7.2. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**8. Тараптардың заңды мекенжайлары:**

| Тапсырыс беруші | Жұмыс беруші |
|---|---|
| ________________ ауданының (қаласының)<br>Халықты жұмыспен қамту орталығы<br>заңды мекенжайы: _________________<br>ЖСК ______________________________<br>БСК ______________________________<br>БСН (ЖСН) ______________________<br>Коды _____________________________<br>________________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса)<br>________________________________<br>(қолы) | заңды мекенжайы: _________________<br>ЖСК ______________________________<br>БСК ______________________________<br>БСН (ЖСН) ______________________<br>Коды _____________________________<br>________________________________<br>(Тегі, аты, әкесінің (қолы) аты (бар болса)<br>________________________________<br>(қолы) |

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
8-қосымша
Нысан
_________________ ауданының
(қаласының) халықты жұмыспен
қамту орталығының
директорына
____________________________
мекенжайы бойынша тұратын
____________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Өтініш**

Мені жұмыс берушідегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуға жіберуіңізді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын алу үшін қажет болатын дербес
деректерімді жинау мен өңдеуге келісімімді беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

*ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне өтініш беруші жауапты болады.

____________________ _______________

Күні қолы

---------------------------------------------------------------------------------------------------

(кесу сызығы)

Азамат ___________________________________________________ өтініші
20 __ жылғы "___" ___________ қабылданды,
№ ___________ болып тіркелді, құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса), лауазымы: _____________________________________________________
_______
_________________________________________________________________.

____________________ _______________

Күні қолы

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

**Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытуға**
**№ ____ жолдама**

Ескерту. 9-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азамат _______________________________________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

____________________________________________________________________
(Жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

20__ "___" _________ бастап 20__ "___" _________ дейін ___ ай мерзімге кәсіптік оқытуға жіберіледі.

___________________________________________ _______________

Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Берілген күні Мөрдің орны

---------------------------------------------------------------------------------------------------

(кесу сызығы)

Кәсіптік оқытуға жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығына қайтарады

**№ ___ жолдамаға хабарлама**

_____________________________________________________________________

(Жұмыс берушінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны))

_____________________________ біліктілігі бойынша оқу кезеңінде 20__ жылғы

(Біліктілік атауы)

"__" ______ жасалған № _____ еңбек шартына (20__ жылғы "__" ____ № ____ бұйрық)

сәйкес азамат (азаматша) __________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20 __ жылғы "__" ________ бастап 20 __ жылғы "__" ________ дейін жұмысқа қабылданды.

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі. Жұмыс берушінің

жауапты өкілі:

___________________________________________ _________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Берілген күні Мөрдің орны

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

20___ жылғы _________ үшін ________________________________-дегі

(ай) (Жұмыс берушінің атауы)

**Жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудан өтіп жатқан жұмыссыздар туралы мәліметтер**

| | | | | Бір айдағы | Бір айдағы сабаққа келмеген күндер | | | | карточкалық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| Р/с № | Тегі аты, әкесінің аты (толығымен) | ЖСН | Есепті айдағы оқу күндерінің саны | сабаққа келген күндердің саны | Барлығы | Оның ішінде дәлелсіз себептер бойынша | Сабаққа келмеу себебі | Қызмет көрсететін банк | немесе ағымдағы шотының 20 мәнді нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:
_____________________________________ _____________
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___"____________________.

Мөрдің орны

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру
және қаржыландыру
қағидаларына
11-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: халықты жұмыспен қамту орталықтарына

Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.enbek.gov.kz

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: КО-2

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы ________ айы.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Жұмыс берушілер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне қарай

Кесте. Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер

| Мамандық атауы | Біліктілік атауы | Оқу мерзімі | Өтініш берген адамдардың саны | Оқуға қабылданғандардың саны | Білім алушы студенттердің/ адамдардың саны | Оқуды аяқтаған адамның саны | Оқудан шығарылғандардың саны | Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Сабақтан қалғандар | Үлгермеу |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Кестенің жалғасы:

| Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сырқатына | ҚР Қарулы күштерінің шұғыл | | | Жүктілік, босану, бала күтімі | Тұрақты мекен – жайдың ауысуына | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ішкі тәртіпті бұзғандар | Өз өтінішімен кеткендер | байланысты | қызметіне шақырту алғандар | Жұмысқа орналасу себебімен | Қайтыс болғандар | бойынша демалыс алғандар | байланысты | Басқа да себептер |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| | | | | | | | | |

Атауы ____________________________________________________

Мекенжайы ________________________________________________

Телефоны _________________________________________________

Электрондық почта мекенжайы ______________________________

Орындаушы:____________________________________ _________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті адам:__________________________________

_____________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Күні: 20__ жылғы "___"____________________.

Мөрдің орны

"Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Жұмыссызды жұмыс берушілердегі жұмыс орнында кәсіптік оқытудың іске асырылу барысы туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Жұмыс берушілер толтырады және халықты жұмыспен қамту орталықтарына ұсынады.

3. Нысанға кәсіпорынның (ұйымның) басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға, оның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып қол қояды.

4. Нысан есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне қарай ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанның 1-бағанында мамандықтың атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында біліктіліктің атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында оқыту мерзімі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында өтініш берген адамдардың саны көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында оқуға қабылданған адамдардың саны көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында оқып жатқан студенттердің/адамдардың саны көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында оқуды бітірген адамдардың саны көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында оқудан шығарылған адамдардың саны көрсетіледі
.

14. Нысанның 9-бағанында оқудан шығарылғандардың жалпы санынан сабақты қалдыру себебі бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабақ үлгермеу себебі бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан ішкі тәртіпті бұзу себебінен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан өз еркімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

18. Нысанның 13-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сырқатына байланысты оқуды аяқтамаған адамдардың көрсетіледі.

19. Нысанның 14-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарына алынған адамдардың саны көрсетіледі.

20. Нысанның 15-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жұмысқа орналасу себебімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

21. Нысанның 16-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан қайтыс болғандықтан оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

22. Нысанның 17-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жүктілігіне, босану және бала күтіміне байланысты демалыс алған адамдардың саны көрсетіледі.

23. Нысанның 18-бағанында жалпы шығарылғандардың жалпы санынан тұрақты мекен-жайын ауыстыруына байланысты оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

24. Нысанның 19-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан басқада жағдайлар бойынша оқуын аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы<br>Денсаулық сақтау және<br>әлеуметтік даму министрінің<br>2016 жылғы 14 маусымдағы<br>№ 516 бұйрығына<br>5-қосымша

**Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидалары**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.02.2017 № 8 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заң) 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс іздеп жүрген адамдарға, жұмыссыздарға, № 178 Қаулыға сәйкес жұмыспен қамтылғандардың жекелген санаттарына (бұдан әрі – жұмыспен қамтылғандардың санаттары), қандастарға, сондай-ақ студенттерге, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – адамның кәсіптік білімін, дағдыларын, қызығушылықтарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіп таңдауда, кәсіп түрін ауыстыруда және біліктілігін арттыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысқан іс-шаралар кешені;

2) әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды ұйымдастырушы – халықты жұмыспен қамту орталығы;

3) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

4) білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар – орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсетуді басқару функцияларын іске асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері;

5) еңбек нарығы – жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын сала;

6) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын, Интернет желісінде жұмыс істейтін, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларын көрсету мақсатында еңбек ресурстарын дамыту орталығы сүйемелдейтін электрондық ақпараттық ресурс;

7) еркін таңдап алынған жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың, Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың еңбекке, кәсіп пен қызмет түрін таңдауға қабілетін еркін пайдалану арқылы өздері таңдап алған қызметі;

8) жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген, жұмысқа орналастыруда делдалдық көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

9) жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық;

10) жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар – жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыз болып табылмайтын адамдар;

11) жұмыс орны – еңбек қызметі процесінде жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

12) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге септігін тигізуге бағытталған ұйымдастыру, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

13) жұмыспен қамтудың жеке картасы – жеке бас деректері, жұмыспен қамтылу тарихы, ұсынылатын және іске асырылатын іс-шаралар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсаттары және олардың орындалуы көрсетілетін құжат;

14) жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

15) халықты жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, жалақы немесе кіріс әкелетін жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруына байланысты еңбек қызметі;

16) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган – өңірлік еңбек нарығындағы ахуалға негіздей отырып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің бағыттарын айқындайтын ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшесі;

17) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

18) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құртын заңды тұлға;

19) кәсіптік ақпараттандыру – еңбек нарығының жай-күйі, Жалпыұлттық дерекқордың мәліметтері, бар мамандық бойынша жұмысқа орналасу,

қатысушының кәсіптік біліктілігіне сәйкес қайта оқытудан, біліктілік арттырудан өту немесе кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу мүмкіндігі туралы ақпарат беру;

20) кәсіби консультация – жұмыс орнын және белгілі бір мамандық таңдауда қатысушының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, қабілетін, кәсіби қызығушылығын ескере отырып, оған көмек көрсету;

21) кәсіби іріктеу – қатысушының накты кәсіпке, мамандыққа, жұмыс орнына кәсіби бейімділігінің дәрежесін айқындау;

22) кәсіптік бейімдеу – қатысушының өндіріске, еңбек жағдайларына және нақты мамандықтың ерекшеліктеріне бейімделу процесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.06.2018 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.01.2019 № 5 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – 12.06.2020 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудың негізгі мақсаты қатысушының жеке қызығушылықтарына, қабілеттеріне, бейімділігіне және нарық қажеттіліктеріне сәйкес кәсіп таңдау процесін оңтайландыру болып табылады.

2-тарау. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыру тәртібі

4. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау мынадай шараларды:

1) еңбек қызметі, еңбек нарығының жай-күйі, бар мамандық бойынша жұмысқа орналастыру немесе кәсіптік оқытудан өту немесе кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу мүмкіндіктері туралы кәсіптік ақпараттандыруды;

2) адамның жеке-психологиялық сипаттамасының, өмірлік жағдайлары ерекшеліктерінің, тұлғаның кәсіптік білімдерінің, дағдыларының, қызығушылықтарының, денсаулық жағдайының және еңбек нарығы қажеттіліктерінің негізінде жұмыс орны мен мамандық таңдауда кәсіби консультация беруді;

3) нақты кәсіп (мамандықтар) түрлері және лауазымдар үшін айқындалған біліктілік талаптарына адамдардың сәйкестігін белгілеу арқылы кәсіби іріктеуді қамтиды және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 18-бабында көрсетілген адамдар үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2020 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес өңірлік кәсіпкерлер палатасын (ӨКП) және жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерін және (немесе) өзге ұйымдарды тарта отырып, халықты жұмыспен қамту орталықтары, оның ішінде мобильді жұмыспен қамту орталықтары, білім беру ұйымдары жүргізеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. Студенттер, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары арасында әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу тәртібі**

6. Халықты жұмыспен қамту орталығы студенттерге, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына еңбек нарығының жай-күйі, білікті кадрларға экономиканың болжамды қажеттіліктері туралы концультациялар береді.

7. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу үшін студенттер, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары қатарынан контингентті айқындайды және халықты жұмыспен қамту орталығына ұсынады.

8. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу жоспарын құрады, оны халықты жұмыспен қамту орталығымен және өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келіседі;

2) жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын кәсіптермен таныстыру және әлеуметтік кәсіптік бағдарлау рәсімдерін жүргізу үшін жоғары және арнайы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын айқындайды;

3) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуге жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына алдын ала даярлық жұмыстарын жүргізеді.

9. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары

арасында әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуге жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арасында іріктеу өткізеді;

2) іріктеу нәтижелері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы мен жұмыспен қамтудың жекеше агентігі арасында студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары арасында өтеулі негізде әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуге шарт жасалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы экономиканың әртүрлі салаларындағы қызметтермен студенттерді және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын таныстыру бойынша кәсіптік бағдарлау жүргізу үшін ұйымдар мен кәсіпорындардың тізбесін ұсынады.

11. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлауға іріктеуден өткен жұмыспен қамтудың жекеше агентігі:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау өткізу жоспарына сәйкес білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органмен, халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп, ата-аналардың, жұмыс берушілердің және кәсіптік білім беру ұйымдары өкілдерінің қатысуымен оқу орындарында кәсіптік бағдарлау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

2) студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары үшін негізгі ұйымдар мен кәсіпорындарда кәсіптер презентацияларын, экскурсиялар, ашық есік күндерін өткізу кестесін жасайды;

3) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу жоспарына сәйкес дағдыларды айқындауға қатысушыларға тестілеу жүргізіп, тестілеу нәтижелері бойынша студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына одан әрі кәсіби дамуы үшін консультация береді;

4) халықты жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп студенттер арасында жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

12. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудың және жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі консультациясының қорытындылары бойынша кейіннен жұмысқа орналастыру мақсатында оқыту үшін қысқа мерзімді курстарға жіберу мақсатында болашақ кәсібін әлі таңдамаған оқушылардың тізімі қалыптастырылады.

13. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау кездесулер, дөңгелек үстелдер және семинар-тренингтер, кәсіптік экскурсиялар түрінде және басқа нысандарда жүргізіледі.

**2-параграф. Жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарын, жұмыссыздарды, қандастарды және жұмыс іздеп жүрген адамдарды әлеуметтік кәсіптік бағдарлау**

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарын, жұмыссыздарды, қандастарды және жұмыс іздеп жүрген адамдарды кәсіптік бағдарлауды дербес жүргізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарына, жұмыссыздарға, қандастарға және жұмыс іздеп жүрген адамдарға әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу үшін жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арасында іріктеу жүргізеді;

2) іріктеу қорытындылары бойынша жұмыспен қамтудың жекеше агенттігімен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарына, жұмыссыздарға, қандастарға және жұмыс іздеп жүрген адамдарға өтеулі негізде әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу туралы шарт жасасады;

3) жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі ұсынымының негізінде қатысушыны кәсіби іріктеуді жүргізеді, ол қатысушының жеке-психологиялық ерекшеліктерін диагностикалауды, накты мамандық талаптарына оның жеке қасиеттерінің сәйкес келуін және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндігін бағалауды қамтиды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.03.2019 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28.10.2022 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. бұйрықтарымен.

16. Халықты жұмыспен қамту орталығы және/немесе жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі:

1) өңірдегі еңбек нарығының жай-күйі туралы кәсіптік ақпараттандыруды жүргізеді, семинарлар, тренингтер және түрлі кәсіп өкілдерінің қатысуымен кездесулер ұйымдастырады;

2) жүгінген адамдардың жеке тілектерін, психологиялық ерекшеліктерін және еңбек нарығындағы нақты ахуалды ескере отырып, кәсіби консультация береді;

3) "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы бойынша бос орындардың болуын және қатысушы таңдаған кәсіп бойынша оның кейіннен жұмысқа орналасуы үшін кадрларға қажеттілікті айқындайды;

4) дағдыларды айқындау үшін тестілеуді ұйымдастырады;

5) тестілеу және кәсіптік консультация нәтижелері бойынша кәсіптік іріктеуден өту қажеттілігі туралы ұсынымдар дайындайды;

6) қысқа мерзімді курстардан және кәсіптік оқытудан өту үшін адамдардың тізімін жасайды;

7) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен, өңірлік палаталармен және кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен бірлесіп, қатысушы таңдаған кәсіпке дайындалу процесімен және таңдалған мамандық бойынша жұмыс орындарын таныстыру бойынша жұмыс жүргізеді, кәсіптік бейімдеуді ұйымдастырады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 04.01.2019 № 5 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.01.2019 № 5 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

17. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттарын, жұмыссыздарды, қандастарды және жұмыс іздеп жүрген адамдарды әлеуметтік кәсіптік бағдарлау Халықты жұмыспен қамту орталықтарының алаңында жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерімен, өңірлік палаталармен және жұмыс берушілермен бірлесіп, болашақ мамандығын таңдап қойған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін ұйымдастырады.

Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
6-қосымша

**"Алғашқы жұмыс орны" жобасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары**

Ескерту. Бұйрық 6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2020 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
6-қосымша
Нысан

Ескерту. Бұйрық 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Кәсіптік оқыту жөніндегі № _______ әлеуметтік келісімшарт**

____________________________________ _______________________

Жасалған орны Күні

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "
Халықты
жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан
Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
13938 болып
тіркелген) (бұдан әрі – № 516 бұйрық) және аудандық (қалалық) комиссияның 20
___ жылғы
___ __________ № ___ шешімінің негізінде бұдан әрі бірлесе "Тараптар" деп
аталатын бұдан
әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын
________________ әрекет ететін _________ ауданы (қаласы) Халықты

(ереже. жарғы және т.б)
жұмыспен қамту орталығының атынан ___________________________________,
(директордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын __________________________________
(ереже. жарғы және т.б)
негізінде әрекет ететін _______________________________________________
(жұмыс берушінің толық атауы)
атынан ______________________________________________________________
,
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)
(бұдан әрі – Білім алушы) деп аталатын жұмыссыз ___________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
және бұдан әрі "Білім беру ұйымы" деп аталатын __________________________
(ереже. жарғы және т.б)
негізінде әрекет ететін ______________________________________________
(білім беру ұйымының толық атауы)
оқуды өткізетін ұйымның атынан ____________________________________________
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)
кәсіптік оқыту жөніндегі осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – Әлеуметтік келісімшарт) жасады және төмендегі туралы келісімге келді:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1. Әлеуметтік келісімшарттың мәні**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.1. Жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру, сондай-ақ Білім алушыны Жұмыс беруші мәлімдеген жұмыс орнына жұмысқа орналастыру.

1.2. Әлеуметттік келісімшарттың жалпы сомасы _________ теңгені құрайды,
(жазбаша)
оның ішінде білім беру қызметтерін көрсетуге ______________________ теңге,
(жазбаша)
стипендия мен материалдық көмек төлеуге ___________ теңге.
(жазбаша)

**2. Тараптардың міндеттемелері**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2.1. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Білім алушыны ______________________________ Білім беру ұйымына
(білім беру ұйымының атауы)
____________________________________________________________ алу үшін
(біліктіліктің (дағдының) атауы)
_____________________________________ мерзімге кәсіптік оқытуға жіберуге;
(оқу кезеңі)

2) білім беру ұйымы ұсынған ай сайынғы мәліметтердің негізінде Білім алушыға стипендия мен материалдық көмекті уақтылы және толық көлемде төлеуге;

3) орындалған жұмыстардың актісінің негізінде Білім беру ұйымына оқу бойынша қызметтердің ақысын уақтылы және толық көлемде төлеуге;

4) Жұмыс берушінің, Білім беру ұйымының және Білім алушының осы Әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттемелерін орындауына монтиорингті жүзеге асыру;

5) Жұмыс беруші жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда Білім алушыға жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетуге;

6) кәсіптік оқытуды қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуына және Білім алушыда міндетті зейнетақы аударымдарының болуына ай сайын мониторинг жүргізуге;

7) Білім алушының жұмыспен қамтудың жеке картасында кәсіптік оқытудан өту және оқуды аяқтағаннан кейін (оқу мерзімі аяқталғанға дейін) тұрақты жұмысқа орналасу туралы мәліметті көрсетуге міндетті.

2.2. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

2) Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуына барып тексеру жасауға құқылы. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын тексеру нәтижелері барып тексеру актілерімен рәсімделеді.

2.3. Білім алушы:

1) оқудан өтуге;

2) себепсіз сабақтан қалмауға;

3) бес жұмыс күні ішінде тараптарды оқудан өтуге кедергі жасайтын жағдайлардың туындауы туралы хабардар етуге;

4) жұмыс беруші мәлімдеген жұмыс орнына жұмысқа орналасуға;

5) басқа тұрақты жұмысқа орналасқан жағдайда, жұмысқа қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесн ұсынуға міндетті.

2.4. Білім алушы:

1) Оқу орындары мен оқу орталықтарының тізілімімен білім беру ұйымын;

2) № 516 бұйрықпен бекітілген Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағиадаларында айқындалған жағдайларда және тәртіппен стипендия мен материалдық көмекті алуға;

3) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге;

4) басқа тұрақты жұмысқа өздігінен орналасқан жағдайда жұмыс беруші ұсынған жұмыс орнына жұмысқа орналасудан бас тартуға құқылы.

2.5. Жұмыс беруші:

1) кәсіптік даярлықты бағалау жөніндегі біліктілік емтиханына қатысуға;

2) оқуды аяқтағаннан кейін Білім алушыны алған кәсібі бойынша тұрақты жұмыс орнына кемінде 12 (он екі) мерзімге жұмысқа орналастыруға;

3) Халықты жұмыспен қамту орталығын Білім алушыны жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту (жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда себебін көрсете отырып) туралы хабардар етуге;

4) заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыссызды жұмысқа қабылдаудан бас тартқан және кәсіптік оқытудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда төленген материалдық көмек пен стипендияның сомасын қоса алғанда, мемлекеттің оқуға нақты жұмсаған шығыстарын өтеуге міндетті.

2.6. Жұмыс беруші:

1) кәсіптік оқытуға үміткерлерді іріктеуге;

2) өндірістік практикадан өту орнын қамтамасыз етуге (қажет болған жағдайда);

3) өндірістік практикадан өту уақытында тәлімгер тағайындау (қажет болған жағдайда);

4) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге;

5) оқу үшін білім беру бағдарламаларын келісуге құқылы.

2.7. Білім беру ұйымы:

1) Білім алушыны ________________________________ кәсібі (дағдысы)
(біліктіліктің (дағдының) атауы)

бойынша _________________________ нысанында кәсіптік оқытуға қабылдауға;
(даярлау немесе қайта даярлау)

2) № 516 бұйрықпен бекітілген Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 4 және (немесе) 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оқып жатқандар, оқуды аяқтағандар, оқудан шығарылғандар туралы мәліметтерді есепті ай аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға;

3) Білім алушыға қорытынды атестатттауды және біліктілік емтиханын өткізуге;

4) белгіленген үлгідегі біліктілік беру туралы құжат (диплом, сертификат, куәлік) беруге;

5) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

6) Білім алышының Әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыруға;

7) Білім беру ұйымы - заңды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші Білім беру ұйымы - жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, Білім беру ұйымының экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, кәсіптік оқытудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда мемлекеттің оқуға нақты жұмсаған шығыстарын өтеуге міндетті.

2.8. Білім беру ұйымы:

1) өндірістік практикадан өту жағдайларын және орнын айқындауға;

2) Тараптардан Әлеуметтік келісімшарттың уақтылы және тиіссінше орындалуын талап етуге;

3) Білім алушыны білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан себепсіз қалған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда аудандық ( қалалық) комиссияның келісімі бойынша оқудан шығаруға құқылы.

**3. Тараптардың жауапкершілігі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 26.05.2022 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3.1. Тараптардың Әлеуметтік келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін не толығымен, не ішінара басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

3.2. Білім алушы оқуды мерзімінен бұрын аяқтаған, Жұмыс беруші, Білім беру ұйымы кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайларда Әлеуметтік келісімшарт бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұзылуға тиіс.

Әлеуметтік келісімшарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін, бұл ретте тарап басқа тараптарды бұл туралы кемінде бір ай мерзімде хабардар етуге тиіс.

3.3. Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған заң бұзушылықтар үшін жауаптылықтан босатпайды.

**4. Форс-мажор**

4.1. Тараптар Әлеуметтік келімсімшарт талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды, егер ол Форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса.

4.2. Әлеуметтік келісімшарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына көнбейтін және күтпеген сипатқа ие оқиғалар. Мұндай оқиғалар өртті, жер сілкінуін, су тасқынын, апатты жағдайларды және әскери әрекеттерді қамтуы мүмкін.

4.3.Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Жұмыс беруші мен Білім беру ұйымы 2 (екі) жұмыс күні ішінде Халықты жұмыспен қамту орталығына мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Егер Халықты жұмыспен қамту орталығынан өзге жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Жұмыс беруші мен Білім беру ұйымы орындылығына қарай Әлеуметтік келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелді емес Әлеуметтік келісімшартты орындаудың балама көздерін іздейді.

4.4. Егер жоғарыда көрсетілген мән-жайлар 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық жалғасатын болса, онда тараптардың әрқайсысы Әлеуметтік келісімшарт

бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы және бұл жағдайда тараптардың ешқайсысының басқа тараптан ықтимал шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

**5. Дауларды шешу тәртібі**

5.1. Тараптар тікелей келіссөздер процесінде араларында Әлеуметтік келісімшарт немесе соған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық күштерін салуға тиіс.

5.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тараптар Әлеуметтік келісімшарт бойынша дауды шеше алмаса онда тараптың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы мәселенің шешілуін талап ете алады.

**6. Өзге де жағдайлар**

6.1. Әлеуметтік келісімшарт бірдей заңды күші бар төрт данада жасалды.

6.2. Бір тарап басқа тараптарға жіберетін кез келген хабарлама почта байланысы немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы жіберіледі. Осы күндердің қайсысы кейін туатынына қарай хабарлама ол жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

6.3. Әлеуметтік келісімшартқа өзгерістер немесе толықтырулар жасалған Әлеуметтік келісімшарттың нысанында қосымша келісімшартпен рәсімделеді.

**7. Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі**

7.1. Осы Әлеуметтік келісімшарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы __ ____ ____ бастап 20__ жылғы __ ___________ дейін.

7.2. Осы Әлеуметтік келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Білім алушы, Жұмыс беруші және Білім беру ұйымы қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

**8. Тараптардың заңды мекенжайлары**

| | |
|---|---|
| Халықты жұмыспен қамту орталығы<br>______________________________<br>(Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)<br>(заңды мекенжайы)<br>(телефоны, факс)<br>______________________________<br>(директордың тегі, аты әкесінің аты (бар болса))<br>______________________________ | Білім алушы<br>______________________________<br>(тегі, аты әкесінің аты (бар болса))<br>______________________________<br>(мекенжайы)<br>______________________________<br>(телефоны, факс) |

| | |
|---|---|
| (қолы)<br>М.О. | ____________________________<br>(қолы) |
| Жұмыс беруші<br>___________________________<br>(уәкілетті өкілдің тегі, аты әкесінің аты (бар болса))<br>___________________________<br>(лауазымы)<br>___________________________<br>(заңды мекенжайы)<br>___________________________<br>(қолы)<br>М.О. (бар болса) | Білім беру ұйымы<br>__________________________<br>(уәкілетті өкілдің тегі, аты әкесінің аты (бар болса))<br>__________________________<br>(лауазымы)<br>__________________________<br>(заңды мекенжайы)<br>__________________________<br>(қолы)<br>М.О. (болса) |

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
7-қосымша

## "Ұрпақтар келісімшарты" жобасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

Ескерту. Бұйрық 7-қосымшамен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.06.2020 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 07.02.2022 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы 14 маусымдағы
№ 516 бұйрығына
6-қосымша

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 221 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11140 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 маусымда жарияланған).

2. "Халықты жұмыспен қамту саясатын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1084

бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13425 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 22 мамырда жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 8 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13190 болып тіркелген, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 наурыздағы жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтары тізбесінің 3, 4, 5, 6, 8, 10, 35-1, 36, 45, 52, 53, 57, 58-тармақтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК